

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**«Қатерлі топтағы» және мүмкіндігі шектеулі балалардың бос
уақытын қосымша біліммен қамту жүйесін дамыту**

Әдістемелік ұсынымдар

**«Развитие системы занятости дополнительным образованием
детей из "группы риска " и детей с ограниченными
возможностями»**

Методические рекомендации

Астана – 2015

«Қатерлі топтағы» және мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын қосымша біліммен қамту жүйесін дамыту» (әдістемелік ұсынымдар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2015, - 142 бет.

«Развитие системы занятости дополнительным образованием детей из "группы риска" и детей с ограниченными возможностями» (методические рекомендации) – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2015, - 142 стр.

«Қатерлі топтағы» және мүмкіндігі шектеулі балалардың бос уақытын қосымша біліммен қамту жүйесін дамыту» әдістемелік ұсынымдары өмірдің қиын жағдайындағы балалармен жұмыста волонтерлік және жетекшілік жұмысты ұйымдастыру, балалардың сабақтан тыс бос уақытына мониторинг жасау, олардың қызығушылығы мен қажеттіліктері бойынша қосымша білім бірлестіктеріне балаларды жұмылдыру әдістерін ұйымдастыру, «Қатерлі топ» және мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеудегі технологиялар мәселелерін толық ашады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептер мен балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне ұйымдастырушы педагогтерге, әдіскерлерге, әлеуметтік педагогтерге, психологтарға, ұсынылады.

Методические рекомендации «Развитие системы занятости дополнительным образованием детей из "группы риска" и детей с ограниченными возможностями» раскрывают вопросы по организации жизненной ситуации, организации мониторинга занятости детей во внеурочное время, методы привлечения детей в объединения дополнительного образования по их интересам и потребностям, технологии социально-педагогического сопровождения детей «группы риска» и детей с ограниченными возможностями.

Методические рекомендации адресованы руководителям, педагогам-организаторам, методистам, социальным педагогам, психологам, педагогам общеобразовательных школ и организаций дополнительного образования детей.

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного
образования
(Протокол №2 от 21 мая 2015 года)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2015

Мазмұны

Кіріспе	5
1. Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың бос уақытын қамту - тұрақтылық факторы	7
2. Қосымша білім беру жүйесі - денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту факторы	8
3. Оңалту бос уақыты – қосымша білім беру ұйымдары жағдайында баланың әлеуметтік бейімделу технологиясы	12
4. Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік оңалту бойынша қосымша білім берудің міндеттері	26
5. Заманауи мектепте балаларға қосымша білім беру	28
6. «Қатерлі топ» ұғымы. «Қатерлі топтағы» балалармен жұмыстың ғылыми тәсілдері. «Қатерлі топтағы» балалар: терминологиялық талдау	30
7. Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалар - әлеуметтік әлсіз топ. Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	44
8. Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру: шетел тәжірибесі. Қазақстандағы инклюзивтік білім беру	54
9. Өмірлік қиын жағдайларға тап болған балалармен жұмыс барысында жетекшілік пен волонтерлікті ұйымдастыру	60
Қолданылған әдебиеттер	73

Содержание

Введение	74
1. Занятость детей в организациях дополнительного образования как фактор стабильности	76
2. Дополнительное образование как фактор развития творческих способностей детей с ограниченными возможностями здоровья	78
3. Реабилитационный досуг как технология социальной адаптации ребёнка в условиях дополнительного образования	82
4. Задачи дополнительного образования по социальной реабилитации детей с ограниченными возможностями здоровья	97
5. Дополнительное образование детей в современной школе	99
6. Понятие «группы риска». Научные подходы к работе с детьми «группы риска». Дети «группы риска»: терминологический анализ	101
7. Дети с ограниченными возможностями здоровья как социально уязвимая группа. Развитие творческих способностей детей с ограниченными возможностями здоровья	116
8. Инклюзивное образование детей с ограниченными возможностями здоровья: зарубежный опыт. Инклюзивное образование в Казахстане	126
9. Организация наставничества и волонтерства в работе с детьми, оказавшимися в трудной жизненной ситуации	133
Использованная литература	146

Кіріспе

Соңғы жылдары елімізде орын алған әлеуметтік және экономикалық жағдайлар белсенді, шығармашыл, өзгерістерге сәйкес дереу әрекет жасай алатын, тандау жасай білетін, шешім қабылдай алатын және қалыпты іс-тәжірибенің аясынан тыс шығармашылық қызметке ұмтылатын тұлғаларға қажеттілік тудырды. Сол себепті оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру - олардың табысты болуының кепілі ретінде өте өзекті.

Өзін өзі жетілдіруге, өз бетімен білімін көтеруге және өз-өзіне сенімділікке қабілеттілік бүгінгі таңда тұлғаның маңызды кәсіби шеберлігі ретінде қабылданады (құзыреттілік). Адамның қабілеттілігі – қоғамдық дамудың нәтижесі. Олардың қалыптасуы адамзаттың қоғамдық-тарихи дамуының нәтижесінде қалыптасқан қызмет түрлерін білуін талап етеді. Олар қоғамдық, ғылыми және мәдени өмірде болып жатқан дүниелерді дұрыс қабылдай білуден, үнемі жаңарып отыратын өмір ұсынатын жаңа мүмкіндіктерді пайдалана білуден, орын алған өмірлік жағдайларға көзқарастан, дәстүрлі шешімдерден алшақ болудан, стандартқа сай емес идеяларды ұсынудан, адамның ең басты қажеттіліктерінің бірі - өзін өзі танытуға қажеттіліктен байқалады.

Бүгінде, өкінішке орай, балалардың заманауи өмірдегі қолайсыздығының өршуіне, біріншіден, мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы балалардың толыққанды қалыптасуы мен тәрбиесіндегі отбасы мен қоғамның жауапкершілік шекарасының жойылуына мүмкіндік беретін проблемалар ықпал етеді. Бұл әлеуметтік тәрбиенің мүмкіндіктерін, оның ішінде «қатерлі топтағы» балалардың да мүмкіндіктерін азайтады әрі тарылтады.

Мектепте алдын алу кеңесінің жұмысын ұйымдастыру бүгінде жұмыстың ең қажетті әрі насихаттауға тұрарлық түрі болып табылады.

Кеңес ізгілік принциптерінің, демократиялықтың және кәмілетке толмаған балаға моральдік, психологиялық және дене зиянын келтірмеу үшін, алынған ақпараттардың құпиялылығы негізінде жұмыс істейді. Алдын алу кеңесі педагогикалық ұжымның іс-әрекетін балалар және жасөспірімдермен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жұмыс істейтін басқа субъектілердің қызметімен үйлестіру үшін қажет.

Алдын алу кеңесінің басты мақсаты әлеуметтік оңалуға бейім емес балаларды анықтау болып табылады. Осындай балаларды («қатерлі топтағы» балалар) дер кезінде анықтау маңызды.

Қазіргі таңда «қатерлі топтағы балалар» деген ұғым педагогика мен психологияда көп қолданылады. Қатерлі топтағы балалар – бұл өмірдегі кейбір жағдайларға байланысты басқа топтағы балаларға қарағанда кәмілеттік жасқа толмағандардың оңалуға бейім еместігіне себепкер болатын қоғам мен оның криминалды элементтері тарапынан

кездесетін сыртқы келеңсіз әсерлерге тез берілгіш балалар.

Отбасылық келеңсіздік – балалардың қатерлі топқа ілінуінің басты себебі.

Ол балалардың мінез-құлқында, олардың дамуында, өмір салтында көптеген проблемаларға және құндылықтардың бағытын бұзуға әкеп соғады.

Әлеуметтік қатерлі топтағы баламен жұмыс істеуде педагог-практик үшін девиантология ғылымының заңдылықтары мен жалпы оңтайлы шешімдерді білуден гөрі нақты баланың өмір жағдайында қатерлі топқа ілінуіне ықпал еткен жүйені қалыптастырушы факторларды анықтау мүмкіндігі, оның келеңсіздігінің себептерін талдау және соның негізінде алдын алудың жеке бағдарламасын жасау маңыздырақ.

Нақты баланың проблемаларын және оның «қатерлі топтан» «қалыпты» топқа өтуін шешу үшін «қатерлі топтың» балалары мен олардың отбасыларын жеке алып жүруді ұйымдастыру қажет.

Жеке алып жүру идеясы баланың дамуын шешетін гуманистік және тұлғалық бағдарлауды енгізу тәжірибесі ретінде туған болатын. Ресейде бұл идея 1994 жылдан бері жүзеге асырыла бастады.

Қазіргі уақытта жеке алып жүру идеясы аяғына дейін ойластырылмаған және көптеген сұрақтар тудырады. Бұл ең алдымен жеке алып жүрудің әдістемелік және ұйымдастыру формасы бар технологияларға қатысты.

Қосымша білім беру ұйымдарында балалардың бос уақытын қамту - тұрақтылық факторы

Соңғы жылдары қосымша білім беру ұйымы көбіне балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын өткізетін орынға айналып барады. Өзінің материалдық ресурстарының шектеулігіне қарамастан білімнің бұл саласы қайта жанданып келеді. Оған бірнеше себептер бар.

Алдымен қоғамның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дағдарысының тереңдеуі өз рөлін атқарды. Криминогендік жағдайдың ушығуы, жасөспірімдердің арасындағы нашақорлық, әртүрлі діни ағымдардың белсенділігі ата-аналарды балаларының сабақтан бос уақытының қамтылуын әртүрлі жолдармен шешуге итермелейді.

Қосымша білім жүйесіне көзқарастың өзгеруінің тағы бір себебі бүгінгі өзгерген әлеуметтік жағдайларда көптеген ата-аналардың баланың жеке жан-жақты дамуының қажеттілігін түсінуінде. Үлкендер балалардың табиғи дарындарын ерте бастан анықтап, оларды әртүрлі қызметте байқап көруге тырысады. Көптеген жандар үшін мұндай орта қосымша білім ұйымы болып саналады.

Соңғылардың әлеуметтік статусының артуына олардың түбегейлі қайта құрылуы да септігін тигізді: бұл балаларды ерте жастан дамыту мектептерінің ашылуы, дәстүрлі үйірмелердің студия және клуб бірлестіктері болып қайта құрылуы, ата-аналар мен балаларға кеңес беру мен бейімдеуді қамтамасыз ететін психологиялық-диагностикалық қызметті ұйымдастыру. Ақыр аяғында, білім бағдарламаларын жаңарту, білім мен тәрбиенің инновациялық технологияларын енгізу, ғылыми-әдістемелік және практикалық жұмыстарға жоғары білікті педагогикалық кадрларды тарту маңызды рөл атқарды.

Осылардың барлығы бірлесе келе балалар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді пайдалануды шешуде қосымша білім ұйымдарының мүмкіндіктері туралы қоғамдық пікірді өзгертуге әкеп соқты.

Алайда тәжірибелі педагогтер әрбір бала жаңа ұжымға бірден сіңісіп кетпейтінін жақсы біледі. Мәселе жетекшінің студияда немесе клубта мейірімді ортаны қалыптастыра алу шеберлігінде ғана емес. Бұл жерде баланың таңдап алған салада сабақтарға үнемі қатысуы үшін өзін өзі дайындауы да үлкен рөл ойнайды. Өзін өзі дайындауға шыдамдылық баланың қосымша білім ұйымдарында өзі таңдап алған қызмет түріне қызығушылығын қалыптастыру деңгейіне қатысты. Осы жерде ата-аналар көмектесуге міндетті. Баланың студияға қанша уақыт баратыны, таңдап алған шығармашылық саланың оның өмірінде қандай рөл атқаратыны көп жағдайда соларға байланысты.

Әңгіме балаларда ғана емес, сонымен қатар олардың ата-аналарында да, оның бос уақытында айналысуының негізгі факторы

болып табылатын табысқа деген бағыттың қалыптасуы жайында.



Қосымша білім ұйымдарындағы сабақта осындай жағдайдың қалыптасуы дифференциалды түрде жүргізілуі керек: бір жағынан қызметтің нақты түрінің дағдыларына қатысты, екінші жағынан, баланың жалпы тұлғалық (эстетикалық) дамуына қатысты. Оны ерекше атап өту керек, өйткені ата-аналар арасында өзін мүлде ақтамайтын мынадай стереотип қалыптасқан.

Көпшілігі балада, әсіресе көркем-эстетикалық бағытта (би, музыка, вокал, қолданбалы өнер, т.б.), дағдылардың болуы, оның әсемдікті жақсы түсінуіне, соған ұмтылуына мүмкіндік береді деп ойлайды. Шындығында балалардың нақты бір көркемдік қызметте дағдыларының болуы мен олардың әсемдікті қабылдауы арасында ешқандай байланыс жоқ. Барлығы педагогтің баланы көркем шығармашылықтың негіздеріне ғана емес, сонымен қатар оларды өмірде қоршаған барлық әсемдіктерге, оның ішінде тұлғааралық қарым-қатынасқа баулуына байланысты.

Мысалы, классикалық музыканы қабылдауға қолайлы жағдайды қалыптастыруда, оны түсінбеу комплексін жоюда педагог баланың жалпы эстетикалық дамуына, әсемдіктің табиғатын түсінуіне қолайлы жағдай тудырады.

Баланың музыкалық білімінің бір түрі ретінде вокал шеберлігінде нақты дағдыларға қатысты табысқа деген сенімін қалыптастыру зейінін нақты нәтижелерге қол жеткізуіне ерекше аудару, сонымен қатар вокал өнерінің негіздерін меңгеруде жеке және топтағы жұмыстарын жүзеге асыруды білдіреді.

Балалардың қосымша білім ұйымындағы сабақтарының тұрақтылығының маңызды факторларының тағы бірі балалар ұжымындағы тұлғааралық мәдениет болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыс – қосымша білім педагогтерінің ең басты тәрбиелік міндеттерінің бірі.

Қосымша білім беру жүйесі - денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту факторы

Бүгінгі таңдағы ерекшеліктердің бірі - білім қызметі нарығында өз бетімен білім алатын және соның негізінде жаңа білім тудыратын шығармашыл тұлғалардың қажеттілігі.

Заманауи экономикалық жағдайларда қазіргі жалпы орта білім беретін жүйе осы әлеуметтік тапсырысты орындай алмайды, өйткені нарық мектеп түлектеріне қоятын талаптарын үнемі тек күшейтіп қана қоймайды, сонымен қатар оның түрін өзгертіп отырады. Сол себепті осы проблеманы шешудегі маңызды рөлді қосымша білім жүйесі атқарады, оның қызметінің ерекшелігі оқытындардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Қосымша білім жүйесі көптеген қызметтер мен білім саласында баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға кең мүмкіндік береді. Қосымша білім саласы тәрбие мен білім беруді бір үдерісте біріктіріп дамытады.



Қосымша білімнің шығармашылық қабілеттерді дамытуға қатысты бай әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктері бар, формалды емес білім беру үдерісінде әр түрлі, көбінде ғажайып тұлғалық мүдделерді қанағаттандыруға мүмкіндік береді, оны жеке дамудың сапалы жаңа деңгейіне көтереді, өзін өзі жетілдіруге және тәрбиелеуге мүмкіндіктер ашады. Ол оқушылардың шығармашылықты түсінуіне деген ынтасын қалыптастыруға, олардың қабілеттерін дамытуға және оны әлеуметке енгізуге көмектеседі.



Қосымша білім баланың өзінің бойында жеке ерекшелікті табуға мүмкіндік береді, өйткені ол оның шығармашылық қабілеті мен мүмкіндіктеріне негізделеді. Ол білім берудің мына түрін көрсетеді: тәрбие, сабақ оқу, білімпаздық қызығушылығын, баланың шығармашылық әлеуетін біріктіреді, әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Қосымша білімде қатал оқыту стандарттары болмайды, тәрбие саласының жеке басқа қатыстылығы, педагогтің баланың сабақтарға қатысуға деген ынтасы ондағы табысының болу-болмауына қарамастан, болу мүдделілігімен ерекшелендіреді.

Қосымша білім саласының әлеуметтік-педагогикалық қызмет бағытындағы мүмкіндіктері ерекше. Қосымша білім ұйымы баланың қалыптасуында, оның қабілеттерінің ашылуында, шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруда маңызды фактор болып есептеледі.

Қосымша білім жағдайында әр баланың өмір тәжірибесі байытылады, өйткені оған:

білім кеңістігіне кіруде еркіндік беріледі;
қызметті өзінің қалауы бойынша таңдап алуға мүмкіндік беріледі;
құрбылары және үлкендермен диалог құруды қамтамасыз етеді.
Нәтижесінде балалар толық ашылып, олардың шығармашылық
әлеуеті артады.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласындағы балалар мен жасөспірімдердің облыстық шығармашылық орталығының жұмыс тәжірибесінен

«Әлеуметтік-мәдени қызмет - мүмкіндігі шектеулі баланың тұлғалығын дамыту құралы»



2015 жылғы 1-қаңтардағы мәліметтер бойынша Солтүстік Қазақстан облысында мүмкіндігі шектеулі 4605 бала бар.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын 7 мамандандырылған мектеп, 11 психологиялық-педагогикалық бейімдеу кабинеті, жалпы білім беретін мектептерде 5 арнайы сынып жұмыс істейді.

Облыстық балалар мен жасөспірімдер орталығының (Петропавл) жұмысындағы басым бағыттардың бірі мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік оңалуын қамтамасыз ету, оларға дені сау

құрбыларымен қарым-қатынас жасауда кедергісіз ортаны қалыптастыру болып табылады. Интеллектуалды, шығармашылық және көркем потенциал балалар мен жасөспірімдердің игілігі үшін ғана емес, барлық қоғамның адамгершілік бейнесін байыту үшін маңызды.

Орталықтың педагогтері балалар қайырымдылығының «Жүректен жүрекке» атты инновациялық, әлеуметтік-педагогикалық бағдарламасын жасады.

Мақсаты: мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімдеу мен оңалтуға, олардың кәсіпті таңдауына, дені сау құрбыларымен бірлескен шығармашылық жағдайын жасау, шығармашылық және интеллектуалды потенциалдарын жүзеге асыру болып табылады.



Жыл сайын «Жүректен жүрекке» балалар қайырымдылығы бағдарламасының аясында ерекше балалардың «Надежда» облыстық фестивалі ұйымдастырылады.



Фестиваль аясында өтетін дәстүрлі шаралар: «Мы можем все!» балалар шығармашылығының көрмесі, «Добрые ручки» шеберханасы (ерекше балалар мен олардың дені сау құрбыларының бірлескен сабақтары) «Сюрприз к празднику», «Дети - детям!» акциялары. «Радость лечит!», «Творцы радости!»

акцияларының шеңберінде орталықтың, облыстық есту қабілеттері бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттың, мамандандырылған (бейімдеу) интернат ұйымдарының шығармашылық ұжымдары бірлескен концерттік бағдарлама ұсынады. Мүгедек балалардың дені сау құрбыларының арасында жүруіне қатысты онды пікірлер қалыптасады. Ал балалар болса шығармашылық процесс кезіндегі бірлескен жағымды кезеңдерді бастарынан кешіреді. Фестивальдің көптеген қатысушылары балалар шығармашылығының фестивальдері мен конкурстарында айтарлықтай табыстарға жетеді.

«Надежда» фестивалін өткізген алғашқы жылдан бастап, оның тұрақты қатысушысы әрі жеңімпазы болып облыстық есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернатының «Пульс» би ансамблі табылады.

Бұдан кейін ансамбль балалар шығармашылығының облыстық, республикалық, халықаралық байқауларында жеңістерге жетті: хореографиялық ұжымдардың «Каблучок» облыстық конкурсының Гран-при иегері (2014 г.); «халық биі» аталымында I дәрежелі диплом иегері (2015 г.).



«Эстрадалық би» аталымында 3 сыйлықтың лауреаты, «Петропавловская весна» хореографиялық ұжымдардың халықаралық фестиваль-конкурсында «халық биі» тағлымының I дәрежелі дипломын иеленді (сәуір, 2014);

1 орын - «Жұлдызай» мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған

республикалық фестиваль (Астана, 2014 ж);

«Балтийское созвездие» халықаралық фестивалінің дипломанты (Петербург, сәуір, 2015 ж.).

«Жүректен жүрекке» бағдарламасының шеңберінде өтетін маңызды шаралардың бірі «Шебер» облыстық кәсіби шеберлік конкурсы. Конкурса мамандандырылған бейімдеу интернаттарының тәрбиеленушілерінің қатысуы оған ерекше әлеуметтік-педагогикалық, ізгілік бағыт береді. Осындай конкурстарға қатысқан балалар өздерінің қабілеттерін көрсетумен қатар болашақ мамандықты таңдауға мүмкіндік алады.

Облыстық есту қабілеті бұзылған балалардың мектеп-интернатының, мамандандырылған (бейімдеу) интернаттарының тәрбиеленушілері конкурстың «Столяр», «Слесарь», «Швея», «Кулинар» аталымдарында жеңімпаз атанды.

Өздерінде шығармашылықтың қуанышын ашқан балалар денсаулықтарына қарамастан өздерінің өмірлік қағидаларын, өздеріне деген көзқарастарын өзгертеді.

Фестивальдер, мерекелер мен конкурстар достық қарым-қатынасты орнатуға, балалар мен жасөспірімдер арасында өзара түсіністікті орнатуға, туған өлкенің тарихын, мәдениетін білуге жағдай туғызады.

Облыстық балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығы тірек-қозғалыс аппараттары бұзылған мүгедек балаларды бейімдеу және оңалту орталығымен, «Жан достар» Солтүстік Қазақстан балалар ассоциациясымен, Петропавл қаласындағы №13 мектептегі «Рука в руке» балалар ұйымымен және «Поиск молодых и здоровых» үкіметтік емес ұйымымен серіктестік қарым-қатынас орнатқан.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың оларды қоғамға бейімдеу сияқты әлеуметтік проблемаларын шешу тек кешенді түрде жүруі мүмкін, басқару органдары, тұрғындарды әлеуметтік қамсыздандыру, экономика, денсаулық сақтау, мәдениет, білім басқармаларының қатысуымен әлеуметтік оңалтудың бірегей бүтін жүйесі қажет. Әр түрлі мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың өзара кешендік қарым-қатынасы нәтижесінде ерекше балалардың еңбек етіп, еліміздің экономикасына қомақты үлесін қосуына қол жеткізуге болады.

Оңалту бос уақыты – қосымша білім беру ұйымдары жағдайында баланың әлеуметтік бейімделуінің технологиясы

Бос уақыт – жұмыстан тыс кезде әдеттегі шаруалармен айналысуға арналған уақыт. Біздің елдің жасөспірімдері мен балалары әдетте бос уақыттарында спортпен шұғылданады, музыка тыңдайды,

театр, зерттеу және көркем шығармашылықпен айналысады. Ол үшін біздің елде барлық жағдай жасалған. Алайда, жас ұрпақтың көпшілігі бос уақытын көшеде бос сенделумен өткізеді, ішімдік ішеді, бұзақылық жасайды. Мұндай әрекеттерге көбінесе отбасылық қамқорлыққа зәру балалар мен жасөспірімдер душар болып жатады. Балалардың назарын әлеуметтік нашар ортадан пайдалы нәрсеге аудару, өнімді іспен айналысуға көмектесу – бос уақытты бейімдеу қызметінің басты миссиясы. Бір сөзбен айтақанда бос уақытты бейімдеу дегеніміз жай ғана бос уақытты толтыру емес, балалардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуін басшылыққа алып, нақты ұйымдастыру. Бейімдеудің мұндай технологиясы балалармен жұмыс істеуде олардың бос уақытын қамтамасыз етіп, әлеуметтік және педагогикалық бейімдеуге бағытталған. Бұл орайда негізгі назар белгілі бір іспен айналысу арқылы баланың өзекті мәселелерін шешуге аударылады.

Әлеуметтік-мәдени демалысқа қарағанда, бос уақытты бейімдеу баланың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған, әрі белгіленген әрекеттерге (қадамдарға) негізделеді. Бұл ретте әр баламен жеке жұмыс істеп, оның мәселелерін түсінуге және оларды жеңуге қол ұшын соза білу керек. Міне, сондықтан да педагог топтың толық болуы мен сабақтарға үзбей қатысуларына мүдделі.

Қызмет көрсетудің сапасы оны жүзеге асырушы мамандардың сауаттылығына тікелей байланысты. Бастапқы кезеңдегі негізгі міндет - әдістемелік құралдар және құжаттармен жасақталған, қажетті білім мен технология жөнінде тәжірибесі бар, дәлелді шешімдерге ұмтылатын кәсіби топ құру болатын.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынас пен өмірдің кез-келген саласында түрлі әлеуметтік рөлдерге түсуіне мүмкіндік беріп, қалыптасуының жүйелі үдерісі ретінде түсіндіріледі. Бұдан келіп шығатын қорытынды, бос уақытты бейімдеу – әлеуметтік ортаға қосылу үшін жасөспірімнің әлеуметтік дәрежесін, жоғалған немесе қалыптаспаған әлеуметтік дағдысын қалпына келтіру мақсатында оның жеке қасиеттерін белсенді етуге, оның уәждемелері мен құндылықтарын бағалау деңгейін түзетуге бағытталған қызмет. Бос уақытты бейімдеу идеясы тәуекел тобындағы балалар мен жас жеткіншектерді жаңа тәжірибелер арқылы қоғамға бейімдеу. Жат әрекеттердің көп болатындығын, оларды барлық жағдайда анықтау мүмкіндігі тумағандығын, бірақ әрекеттердің қандай болғандығына қарамастан жасөспірімнің өзгеруге, жаңа өмірге қадам басуына мүмкіндігі бар екендігін түсінген жөн. Осы кезеңдерге сәйкес өз қызметтерін атқаратын көптеген алдын-алу органдары бар. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес алдын-алу шараларының үш кезеңі бар.

1. Алғашқы алдын-алу

Бұл кезең салауатты өмір салтын ұстану идеясын кіріктіру үшін ұйымдасқан балалар ұжымы және қоғамдық түсінікпен жұмыс істеуге бағытталған. Аталмыш кезеңнің міндеті де ортаны сауықтыру, өмірдің қолайсыз жағдайларында тап болған жасөспірімдерге көмек көрсету және осындай тұлғалардың мінез-құлқына мұндай жағдайлардың теріс әсері тигенге дейін тәрбиелеу болып табылады.

2. Екінші реттегі алдын-алу.

Бұл кезең тікелей тәуекел тобындағы балалармен жұмыс істеуге бағытталған. Осы кезеңде де өмір сүру жағдайын жақсарту мен тәрбиелеу, ортаны оңалту шаралары жүзеге асырылады. Сол арқылы жеткіншектің тікелей өзіне әсер етуге басымдық беріледі. Бос уақытты бейімдеу алдын-алу кезеңіне жатады.

3. Үшінші реттегі алдын-алу.

Бұл кезең жағымсыз қылықтарды қайта болдырмаудың алдын алу мен екінші рет жаза баспау мақсатында түзету мекемесінде жазасын өтеуші кәмелетке толмағандармен, сондай-ақ, ол жерден босап шыққандармен жұмыс істеуге бағытталған.

Көріп отырғанымыздай бос уақытта бейімдеудің алдын алу шаралары кешенінің бір саласы және оның негізгі мақсаты жасөспірімнің жағымсыз әрекеттерінің себебін іздеу және оны жою емес, жеткіншектің өз ресурстарын дамыту арқылы оны қоғамнан аластататын факторларға өзі қарсы тұруына мүмкіндік жасау. Баланың бойындағы жақсы қасиеттерді тауып көрсету оның жан жарасына шипамай жағып, оны емдеумен бірдей. Тұлғаның жағымды әрі мықты жақтарын табу (бет бейнесінен, мінезінен, іс-әрекетінен т.б) – «қиын» баламен жұмыс істеуде онымен бірлесіп әрекет етудің іргетасы (бақытсыздыққа душар балаға көңіл бөлу, қамқорлық таныту).

Тәуекел тобындағы балалардың бос уақытын бейімдеуді ұйымдастыруды өзге алдын алу шараларынан ерекшеленіп тұратын және өткізілетін шаралардан өзгешелейтін келесі принциптері бар.

Өз еркімен істеу. Бұл принцип кәмелетке толмаған жеткіншектен оңалту шараларына қатысуға келісімін алу. Педагог тек онымен жұмыс жасағысы келген жасөспіріммен ғана жұмыс істей алады. Күштеп көмектесу мүмкін емес.

Педагогикалық ұйымдастырылған орта. Баланың әлеуметтік-психологиялық оңалуы, қоғамға жат қылықтары бар жасөспірімнің қоғамдық пайдалы қызметтерге қосылуы арнайы дайындалған жағдайда өтуі тиіс. Бұл орайда көмек көрсетуге психологтар, педагогтер мен әлеуметтік қызметкерлер қосылу тиіс.

Шаралардың позитивті бағытталуы. Бос уақытты оңалту идеясының өзі позитивті бағытталған әрекеттерге негативті бағытталған санкциялар мен жазалаулар алдында басымдық беруге негізделген. Қоғам мен жасөспірім арасында созылмалы сипат алған

жағдайларға қарағанда кәмелетке толмағандарда позитивті тұлғалық бағыт пайда болады. Оған оңалту шараларының бағдарламасын қолдау, ортаға қабылдау, ынталандыру сияқты әрекеттерге құру арқылы қол жеткізіледі. Тұлғалық даму мен өсуді қамтамасыз ететін жағдай орнайды.

Оңалту барысында балалар мен жасөспірімдердің түрлі топтарына олардың мүмкіндігі мен қызығушылықтарын, қалауларын есепке алып, саралы түрде тіл табысуға қадам жасау керек. Балаларды өздерінен алынған мәлімет негізінде оңалу әлеуетін, қызығушылығын, ескеру арқылы бос уақытты ұйымдастырудың бағдарламаларының сараланған түрлерінің болуы қажет.

Өзі үшін маңызды ересек адамды жеткіншек желісіне қосу.

Бұрын-соңды айтылғандай, тәуекел тобындағы балалар көбіне қиын сәттерде арқа сүйейтін, оның көмегі арқылы өз тәртібін тезге сала алатын әлеуметтік-қолдаушы ересек адамға зәру. Балаға көмек қолын созу мен қолдау көрсетуде сенімді әрі достық қарым-қатынас орнату арқылы мұндай адам педагогтің өзі болуы да мүмкін. «Маңызды ересек адам, жасөспірімнің желісіне ену арқылы оның тірегі болады. Ересек адамның әрекеттері арқылы баланың тәртібі өзгереді, өмірлік құндылықтар мен моральдік нормаларды орнату арқылы баланың қалыптасуы мен түзелуі жүзеге асады. Ересек адам мінез-құлқының рөлдік модельдері арқылы бала мінез-құлқының өзгеруі жүреді, өмірлік құнды қағидалар мен моральдық нормаларды көрсету және тәжірибеде қолдану арқылы баланың нормативтілігі қалыптасады және түзіледі. Бұл орайда ересек адам оның өмірі үшін жауапкершілік алады, баланың жетістіктеріне назар аударады, іс-әрекеттерін тұлғалық қасиеттерден бөліп көрсетеді, сол кезде ересек адамға деген сенім арқылы өмірге деген сенімі нығаяды, қалпына келеді.

Жасөспірімнің белсенді және жауапты тәртібі.

Бос уақытты бейімдеу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәрбиеленушілер өз бетінше жауапты шешім қабылдап, оны орындай алатын дәрежеге жетеді. Біртіндеп ересектің рөлі төмендеп, жеткіншектің жауапкершілігі артады.

Оңалту - бос уақытты ұйымдастыру шараларының кезеңдері

Оңалту шараларын жүзеге асыру үдерісі кәмелетке толмаған жастың шынайы жағдайын ескеру мен оның даму көрсеткіштерін есепке алу арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Оңалу қызметінің келесі кезеңдерін атап өтуге болады: алдын-ала кезең, бейімделу кезеңі, алғашқы оңалту кезеңі, негізгі оңалту кезеңі.

Оңалту қызметінің кезеңдері.

1. Алдын-ала кезең.

Бұл кезеңнің мақсаты – баланы тауып, оны бағдарламаға қатысуға көндіру.

Тәуекел тобындағы балалар жайлы үнемі ақпарат алып тұру үшін ұйым түрлі ұжымдармен әріптестік орнату керек: кәмелетке толмағандар ісі мен олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиямен, денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдары, қорғаушылыққа алу және т.б. ұйымдар.

Балаларды бос уақытты ұйымдастыру мекемелеріне тарту тиімді жүзеге асу үшін арнайы аутрич жұмысшы қызметіне жүгінуге болады, оның негізгі қызметі – ұйымға көшеде қараусыз және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды тарту болады. Ескере кететін бір жәйт, тәуекел тобындағы балалардың көбі өздерінің бейәдеп қылықтарын ерсі санамайды, сондықтан бірден өз өмірлерін өзгеруге құлшына қоймайды. Жасөспірімдерді оңалту бағдарламаларына тарту мүмкін емес, олар оны қаламауы және оларға мұның еш керегі болмауы мүмкін, өйткені оларға сол өмірлері ұнайды. Себеп түсінікті – олар жеткіліксіз уәжделген. Олар үшін бәрі қалыпты, емделгілері, сол іске берілгілері келмейді, олар қызық іздейді.

Сонымен, алдын-ала кезеңнің басты міндеті - бос уақытты ұйымдастыру үдерісіне жасөспірімдерді тарту үшін тәсіл ойлап табу. Сондай-ақ, осы кезеңде жасөспірімге қолдау көрсету, жылулыққа бөлеу және оның өміріне қызығушылық танытатындығын білдіру маңызды. Жасөспірімге кінә артпау, оны сол қалпында қабылдау, алдағы уақытта бағдарламаға қатысуына үлкен түрткі болуы мүмкін.

1) Бейімделу кезеңі.

Осы кезеңде жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын саралау арқылы жасөспірімдердің тұрақты топтарын, яғни шағын балалар ұжымын құру жүзеге асырылады. Көптеген жасөспірімдер жаңа ұжымға түскенде алғашында бейімделу үдерісін ауыр өткереді, бейімделу кезеңі оның кейіннен ұйымдағы әрекеті мен жолдастарымен қарым-қатынас орнатуына әсерін тигізеді. «Бейімделу кезеңі бірінші кезекте «қиын» жасөспірім стереотипінің өзгеруін аңғартады, яғни жасөспірімнің өз көз алдында бұған дейін оған ерекше маңызды болып келген көше субмәдениетінің барлық атрибутикасы жоққа шығарылуы тиіс». Жасөспірім бойындағы осы өзгеріс оны қоғамдық қызметке тарту арқылы жалған көше романтикасынан сау ұжымның романтикасына алмаса бастайды. Осы кезеңде топты біріктіре түсетін ойындар мен тренингтер өте маңызды. Алғашқы кезеңде жасөспірімдер сол ортаға сай өзін өзі ұстаудың жаңа тәртібін игеріп, өз қызығушылықтарына сәйкес ортаны тауып, ұйымның талаптарымен таныса бастайды. Талаптар нақты әрі позитивті болуы керек, тыйым салу және сес көрсетуден бас тартқан жөн.

Бос уақытты бейімдеуді мақсат еткен ұйымның басты талабы – психикалық белсенді заттарды қолдануды тоқтату (алкоголь, шылым, наркотикалық заттар т.б.) өйткені бейімдеу ұйымының негізгі мақсаты

стрестік жағдайлар мен мәселелерді шешуде оң көзқарас тудыру, өмірден ләззат алудың дұрыс жолдарын таңдау жасауға үйрету. Педагог жасөспірімнің барлық жағдайда сау жүруін талап ете алмайды, ол жасөспірімнің өз қалауы бойынша іске асуы қажет, алайда педагог бос уақытты ұйымдастыру шараларына сау күйінде қатысуын талап ете алады. Өйтпеген жағдайда жасөспірім өзіне қызықты шараларға қатыса алмайды. Бұл орайда жасөспірімге мұның жазалау емес екендігін, педагогтердің оған қарым-қатынасы өзгермегендігін, ол өзі қалаған уақытта талаптарды сақтай отырып, ортаға оралуы мүмкін екендігін түсіндіру. Осы арқылы жасөспірімнің зиянды заттарды қолданудың зардаптары жайлы ойлануы мен оны қай кезде қолдану қажеттігі жөнінде түсінігі пайда болады.

Бейімдеу кезеңі ұзаққа созылуы және одан барлық жасөспірімдер өте алмауы мүмкін. Соған орай ұйымдастырушының осы кезеңдегі басты міндеті – түсіністік қарым-қатынасына негізделген топтағы балалардың азаюын болдырмау. Сондықтан да бейімделу кезеңінде клубқа мүше болуға итермелеген бейімдеуге, жасөспірімнің толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіріп тұрған себептерді онымен жеке жұмыс істеу арқылы анықтау өте маңызды. Сондай-ақ, бірінші күннен бастап қатыспаудың себебін анықтап, бақылауға алу керек. Балаларға қатысуға кедергі келтіретін факторларды жоюда көмек қолын созу қажет.

2) Бастапқы бейімдеу кезеңі

Осы кезеңде кәмелетке толмаған жасты клубтың ұжымдық қызметіне тарту, ұжымдық нормаларды қабылдауға, қоғамға жат қылықтардан бас тартып, оларды әлеумет қолдайтын әрекеттерге алмастыру көзделген. Бұл кезеңде барлық топтан белсенді көшбасшылар анықталып, балалар ашыла бастайды, «қиын» бала бетперде астында жасырған өздерінің тұлғалық қырларын көрсете бастайды. Ең белсенділері ұйымдастырушылық қызметтерді мойындарына алады.

Аталмыш кезеңде әлі де болса әлеуметтік емес ауытқулар рецидиві мүмкін, олар көп жағдайда жасөспірімдерде, сынып ұжымында, мұғалімдерде пайда болған бұрынғы әлеуметтік экспектациялардың инерциялылығынан, стереотипті бағалаулардан, қоғамдық пікір инерциясынан туындайды. Осынау қоғамдық пікірдің айтарлықтай қауіпті инерциясын, педагогтердің стереотипті бағалауларын еңсеруге клубтың мектеппен, отбасымен тығыз байланысы септігін тигізеді. Мұғалімдердің, клуб жетекшілерінің, ата-аналардың педагогикалық тәрбиелік күш-жігерлері бір бағытта жұмсалуы және әрекет етуі тиіс. Сондай-ақ, осы кезеңде ортақ оналту процесіне қосылу қиынға соғатын, тұрақты шынайы бейімдері мен қызығушылықтары жоқ сылбыр жасөспірімдерге жіті назар аудару

керек. Жағдайдан шығудың мүмкін жолы осындай жасөспірімге барынша белсенді және беделді қатысушылар арасынан басшы тағайындау болып табылады.

Бос уақыт бағдарламасына аталмыш кезеңде тренинг-сынақтар қосылады, олар тұлғалық өсуге, Мен-тұжырымдамасының дамуына, өзін-өзі бағалаудың нығаюына бағытталған.

3) Негізгі оңалту кезеңі

Негізгі оңалту кезеңі кезінде әріптестік дағдылар, ортақтасу, араласу дамиды; эмоциялық-еріктік қасиеттері тәрбиеленеді (эмпатиялық қабылдау, өзін-өзі бақылау). Балалардың өзін-өзі бағалауы дәлме-дәл бола бастайды, өзінің сырт бейнесі мен денсаулығына көңіл бөлу ниеті туады, талғам пайда болады. Айналасын танып білуге деген күштарлық оянып, өзін кәсіби және тұлға ретінде анықтау үдерісі жүреді.

Осы кезеңде бұрынғы бұзақылар басты ұйымдастырушылық рөлдерді атқара бастайды, өздері жайлы оқу орнында, жұмыста, сыныптастары мен оқытушылары арасында «қиын» бала деп қалыптасқан пікірді жоққа шығаруға тырысады.

Тәуекел тобындағы балалармен оңалту жұмыстарының тиімділігін бағалаудың бірқатар белгісін атап өтуге болады:

- баланың өз статусын қалыптасқан жағдайдан жақсы жаққа өзгертуге деген ниеті;
- жасөспірімдердің тұрақты ұжымының қалыптасуы;
- бағдарлама сабақтарына топ қатысушыларының ұсынысы бойынша келіп қатысып жүрген балалардың пайда болуы;
- құндылықтар сатысының өзгеруі немесе өзгеруге бет алуы;
- зиянды заттарды қолданудың тиылуы;
- тиімді әрекет ету дағдысының қалыптасуы, кикілжің жағдайларды шешу.

Бос уақытты оңалтудың түрлері.

1. Клуб қызметі арқылы оңалту.

Бос уақытты оңалту бағдарламасы арнайы мекеме базасы – қатерлі топтағы балалармен жұмыс істеу мақсатында құрылып, кешенді оңалту шараларын қамтитын клубқа негізделген. Клуб қызметі арқылы оңалту үш негізге сүйеніп құрылады: психологиялық-педагогикалық қызмет блогі, демалуға арналған қызмет блогі және әлеуметтік-педагогикалық оңалту ортасы.

Психологиялық-педагогикалық қызмет көрсететін алғашқы блок техникалық, көркем және қолөнер шығармашылығымен, сондай-ақ, спорт, туризммен айналысу арқылы жүзеге асады және міндетті түрде әлеуметтік-психологиялық тренингтер жүйесіне негізделеді. Тренинг – бұл өзіңді және айналаңды тану, сенімді әрі бейресми жағдайдағы қарым-қатынас арқылы өзіндік «менді» өзгерту.

Қатерлі топтағы балаларға арналған тренингтің міндеттері:
тұлғалық даму;
ұжымның ұйымшылдығы;
қызметті құрудың және мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін табу;
бірлесіп әрекет етудің жаңа түрлері табу және іс жүзінде қолдану;
өз сезімдерін білдірудің жаңа түрлерін табу мен іс жүзінде қолдану;
өз қызметіне талдау жасау дағдысын қалыптастыру және өз алдына өзгеру талабын қою.

Екінші блок, демалыс қызметі, көңіл көтеру, ойын-сауық, мерекелер, сайыстар, фестиваль сияқты шаралардан тұрады. Оналту ортасы бір жағынан мекемедегі ұжымның қалыптасқан педагогикалық ұстанымдарын өзгеруге ықпал етеді, екінші жағынан топтың табысты әрі өздігінен әрекет ете алуына әсерін тигізеді. Жасөспірімдерді ынталандыру клуб қабырғасында өзіндік «лауазым сатысын» енгізу арқылы жүзеге асады. Мысалы, клуб мүшесіне үміткер – клуб мүшесі – нұсқаушының көмекшісі – нұсқаушы. Жасөспірімдер үшін өмірде дұрыс бағыт табу үшін, міндет қоя біліп, құндылықтарды таңдау үшін дәреже құрылымының бар болғаны дұрыс. Егер педагогтер иерархия енгізбесе, жасөспірімдер оны араларында өздеріне түсінікті құндылықтарға сүйеніп (физикалық күш, материалдық деңгей) анықтай бастайды.

Жасөспірімдер клубы өзінше бір шағын мемлекет, ол жерде балалар жеңіледі, өздерінің болашақ ересек өмірдегі бейнелерін сомдайды. Алайда бұл автономия шартты, клуб ұжымының негізгі ұйытқысы ересек адам – тәрбиеші болып қала береді. Клубта толықтай әріптестік педагогикасы жүзеге асады, ол өз кезегінде психологиялық климатқа оң әсерін тигізеді.

2) Мектептен тыс кезеңде лагерь базасында бос уақытты ұйымдастыру.

Лагерь базасында бос уақытты ұйымдастыру төмендегі мәселелерді шешуге көмектеседі:

кәмелетке толмағандардың позитивті дамуын бағыттау;
оқыту-педагогикалық көмек;
психологиялық-педагогикалық оналту;
медициналық алын-алу және қатысушыларды сауықтыру;
физикалық дайындық және лагерь жағдайында қатысушылардың өмір сүру негіздеріне оқыту.

Қатерлі топтағы балалалар үшін лагерьдің ерекшелігі - ұзақ уақытқа әлеуметтік ортадан алыстауда. Қарым-қатынас психологиясы табиғи жолмен қалыптасады, өйткені топтың қызығушылығы әр баланың қызметіне тікелей қатысты болады. Жасөспірім әрекеттерін

топтың қызығушылығымен өзара салыстыратын дәрежеге жетеді. Абстракциялық ұғымдар нақты әрекеттерге ұласып, қоғамдағы позитивті тәжірибе жинақталады. Әр жасөспірім нақты жағдайларда өзгеріп тұратын қарым-қатынастың қиын жүйесінде болады. Мұның барлығы жауапты шешім қабылдауға үйретеді, өз әрекеттеіне жауап беруге баулиды. Жазғы лагерьде жасөспірімдер қоғамға жат қылықтар көрсете алатын ауладағы топтарды ұмытады. Алайда үйіне, әлеуметтік емес ортаға оралысымен жасөспірімдер қайтадан ауытқу мінез-құлқының рецидивіне барады деген үлкен тәуекел де жоқ емес. Сондықтан да, жасөспірімнің отбасымен жұмысты жалғастырып, қадағалауды үзбеу керек.

3. Бос уақытты бейімдеудің күндізгі түрін кез-келген демалыс ұйымының базасында ұйымдастыру.

Бос уақыты ұйымдастырудың бұл түрі арнайы орта қалыптастыруды талап етпейді, ол тек тікелей тәуекел тобындағы балалар мен жасөспірімдерге бағытталған. Бұл санаттағы балалар демалыс орындарында қатардағы балалармен бірге жұмыс істей алады. Ол спорттық секция, театралды студия, би мектеп т.б. болуы мүмкін. Оңалтудың нәтижесі педагогтің жұмыс істеу әдістері, психологиялық құралдар мен әдістемелерді пайдалану, баланың тұлғалық қасиетіне көңіл аудару, дарынын ашу, табысқа жетуге итермелеуіне байланысты.

Қатерлі топтағы балаларға арналған бос уақытты ұйымдастыруды жүзеге асырудың мәселелері мен болашағы.

Қатерлі топтағы балалардың бос уақытын ұйымдастыру алдын-алу шараларының ішіндегі бертін пайда болған әрі болашағы бар саласы. Оның концепциясында бейәдеп қылықтардың алдыналуға арналған дәстүрлі көзқарастарды қайта қарауға итермелейтін жаңашылдық идеялар бар. Сондай идеялардың ішінде атап өтуге болатындары:

1) әсер етудің репрессивті шараларының болмауы - бос уақытты оңалту «қиын» балаларды күштеп тәрбиелеуге және жазалауға бағытталмаған;

2) жасөспірімінің жағымсыз жақтарын көрсету емес, керісінше жақсы қасиеттеріне иек арту;

3) ең алдымен жасөспірімнің қызығушылығын бағыт ретінде алу. Бос уақытты бейімдеу концепциясы жасөспірімді ойсыз, ол үшін ересектер мен сауатты адамдар шешім қабылдайтын өзіндік пікірі жоқ адам ретінде көрсету емес. Ол көпшілікке бейтарап еруді емес, белсенді, дербес көзқарасты негізге алады.

Кәмелетке толмаған балалардың тәртібін реттеуге арналған мұндай алдын алу концепция дәстүрлі шараларға қарағанда анағұрлым тиімді. Алдын алудың дәстүрлі жүйесін және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия, полиция бөлімшесіндегі балалар бөлмесі т.б. деп

білеміз. Олар қолданып отырған жазалау шаралары баланың тәртібін өзгертуге септігін тигізгеннен гөрі қарама-қайшы реакция тудыруы мүмкін. Мұндай ұйымдардың қызметкерлері кәмелетке толмағандармен дөрекі сөйлеседі, оларға кінә тағады, кей кезде ересек адамдарша қабылдайды. Әрине, балалар оларды тыңдамақ түгіл, қасарысып алады, бұл жасөспірімге тән қалыпты реакция.

Бос уақытты бейімдеу концепциясы жасөспірімді өзгертуге бағытталған. Кей кезде жасөспірім алкоголь мен нашасыз өмірдің қаншалықты қызықты әрі көңілді болатынын білмеуі мүмкін – біздің мақсат соны көрсету. Көптеген «қиын» жасөспірімдерде мықты әлеует болады, оларға тек қол ұшын созу керек.

Жоғарыда айтылғандардан бос уақытты бейімдеу бағдарламасына балалар мен жасөспірімдерді неғұрлым кең қамту керектігін көруге болады. Бұл алдын алу шарасының дамуының келешегі зор.

Алайда бұл бағыттың дамуы үшін үкімет тарапынан көптеген қолдаулар қажет.

Жамбыл облысындағы мүгедек және мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту орталығында жүргізілген жұмыс тәжірибесі



Оңалту орталығы – бұл үлкен отбасы. Отбасы – әрқайсымыз үшін өте маңызды. Отбасы дегеніміз біз жақсы көретін, үлгі алатын, қамқорлық көрсететін, тек жақсылық тілейтін жақындарымыз бен туыстуғандарымыз. Тек отбасында ғана біз жақсы көрудің не екенін білеміз, жауапкершілікті, қамқорлық пен сыйластықты сезінеміз.

Орталықтың мақсаты – түрлі ақаулары бар балалардың дамуы мен олардың отбасыларына көмек қолын созу.

2015 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша Орталықта 210 мүмкіндігі шектеулі бала бар.

Орталықта әр түрлі саладағы қызметкерлер жұмыс істейді: дефектологтар – олигофренопедагогтер пен сурдопедагогтер, логопедтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, массажисттер, сауықтыру жөніндегі дене шынықтыру нұсқаушылары, невропатолог-дәрігерлер, психиатр-дәрігерлер.

Орталықтың жағдайы балалардың бейімделуі мен әлеуметтік оңалуына орай үй жағдайына ұқсас жабдықталған.



Орталықта қысқа мерзімдік 16 топ бар, бір сөзбен айтқанда әр бала аптасына 2-3 рет келіп, 3-4 сабаққа қатысады:

- 3 жастан 5 жасқа дейінгі кіші топтар – 6 топ, оның 5 тобы қазақ тілінде, біреуі орыс тілінде оқытады.

- 5 жастан 7 жасқа дейінгі орта топтар – 6 топ, оның 3 тобы қазақ тілінде, үшеуі орыс тілінде оқытады.

- 7 жастан 9 жасқа дейінгі мектеп топтары – 2 топ, оның біреуі қазақ, біреуі орыс тілінде білім береді.

- 10 жастан 13 жасқа дейінгі мектеп топтары – қазақ тілінді оқытатын бір топ.

- 13 жастан 15 жасқа дейінгі мектеп топтары – орыс тілінде оқытатын бір топ.

- 3 жас пен 0 жас аралығындағы балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдермен жеке сабақтар өткізіледі.

Педагогтердің басты мақсаты – балалардың жұмысқа қабілеттілігін, дербестігін қалыптастыру, олардың танымдық мүмкіндіктерін дамыту, қылығын түзету, әлеуметтік маңызды икемге дағдыландыру, яғни қоғамға бірігу.

Тәрбиеленушілердің көпшілігі сырқатына байланысты өзіне өзі қызмет көрсетуде, мәдени-гигиеналық шараларды орындауда

қиындықтар көреді, олардың көбінде есте сақтау, ойлау қабілеттері нашар дамыған, дене кемшіліктері бар.

Сондықтан жұмыстағы бастысы – ол балалармен дара тіл таба білу. Сабақ өткізу барысында педагогтер балалардың хал-жағдайына, олардың сабаққа деген көңіл-күйіне, материалды қабылдауға даярлығына қарай бейімделеді.

Орталықтың педагогтері, логопедтері, сурдопедагогтері, олигофренопедагогтері, психологтері, әлеуметтік педагогтері әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін есепке ала отыра жекелей дамыту бағдарламаларын әзірлеуде, жеке, топтық, топшылық сабақтарда жүзеге асырылады.

Орталықтың тәрбиеленушілері түзету-дамыту сабақтарына сүйсіне қатысады. Балалардың дербестігінің жоғары формасы шығармашылық болып табылады. Педагогтер әрдайым балалардың шығармашылық бастамасын қолдап отырады. Арнайы педагогтер оған қызығушылық тудырып, ойын, көркем-бейнелеу қызметтерінде, сөйлеу өнерінде шығармашылық жағдайлар жасайды. Қызықты шығармашылық қызметте балалар ойды, оның әдістері мен жүзеге асыру формаларын өз бетімен анықтауда қиындықтарға тап болады.

Емдік дене шынықтыру сабақтарына медициналық көрсеткіштері бар балалар ғана қатысады, ал спорттық жарыстарға біздің барлық тәрбиеленушілер қатысады.



Балалар педагогтердің әзірлеп, ұйымдастыратын концерттеріне, барлық мерекелік, ойын-сауық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына сүйсіне қатысады.

Оңалту орталығындағы тақырыптық мерекелерді балалар да, ересектер де әрдайым

тағатсыздана күтеді. Балалар өздерінің қабілеттіліктерін көрсетеді, ал ата-аналар өз балаларының жасырын таланттарын көре алады.

Оңалту орталығындағы барлық іс-шаралар отбасыға арналған. Бірақ ең көңілді, мейірімді және есте қалатын мейрам өткізілген Халықаралық әйелдер күні болды. Ана – әрқайсымыз үшін өмірдегі ең басты және қымбат адам. Ол біздің жақсы көретін, үлгі алатын, қамқор болатын, жақсылық пен бақыт тілейтін адамымыз.

Осы мерекеде оңалту орталығының жұмысына қорытынды жасалды. Балалар мен ата-аналар костюмдер дайындады, балалар



аналарына сыйлық ретінде өз қолдарымен әдемі гүлдер жасады. Мереке театрлық көрініс түрінде өтті, онда әр бала актер болды. Би – қашанда мерекенің сәні. Биден кейін мерекенің әр қатысушысы анасына өз қолымен жасаған гүлді сыйға тартты.

Музыкалық жетекші қызықты сабақтар өткізеді, оларды жас ерекшелігі бойынша жоспарлайды. Ырғақ сезімін, сөйлеуді (логоритимикалық ойындар мен жаттығулар арқылы), музыканы орындау мен қабылдаудан, ән айтудан, қарапайым хореографиядан алған эмоциялық түйсікті дамытады, коммуникативтік дағдыға әдеттендіреді, серіктестік сезімді тәрбиелейді. Балалардың көбінде қазір сахна мен көпшілік үрейі жоқ.

Олигофренопедагогтер әр баланың кемшіліктерінің сипатына, құрылымына, олардың жас ерекшелігі мен тұлғалық қасиеттерін есепке ала отыра түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді. Дефектолог педагогтердің жұмысының басты бағыты: танымдық әрекетті дамыту.



Балалар өздерінің ойларын қисынды жеткізе алуы үшін, таза сөйлей алуы үшін олармен логопедтер жұмыс жүргізеді. Олар ауызша сөйлеу кемістігін түзету бойынша жеке-топтық сабақтар өткізеді, ата-аналарға консультация береді.

Педагог-психологтар баланың психикалық процестері мен мінез-құлқының ерікті реттеу деңгейін көтеруге көмектесетін, сондай-ақ, баланың социумдағы табысты әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін тиімді түзету іс-шараларын жүзеге асырады. Олар баланың психикалық дамуы, мінез-құлқының ерекшеліктері, эмоциялық ауытқулары және т.б. туралы ата-анаға психологиялық консультация береді.



Оңалту орталығының барлық мамандарының түзету жұмысында міндетті болып табылатын бағыттар:

- сөйлеу қабілетін дамыту;
- танымдық қызметті дамыту;
- жалпы және кіші моториканы дамыту;
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану;
- эмоциялық-еріктік ортаны дамыту;
- өзіне өзі қызмет көрсету;
- ойындық терапия.

Орталықтағы медициналық сауықтыруды мейірбике, массаж жасаушы, емдік дене шынықтыру бойынша нұсқаушы жүзеге асырады. Кешенді оңалтудың медициналық аспектісі мүгедек балалардың жоғалтылған функциясын қалыпқа келтіруге немесе болмаған функциясын өндіруге бағытталған қалпына келтіруші ем болып табылады. Ол массаж және емдік дене шынықтырудан тұрады. Бұл мамандар Оңалту орталығына келуші мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтудың жекелеген бағдарламасын кезең-кезеңмен орындауды қамтамасыз етеді. Психиатр-дәрігер және невропатолог-дәрігер қажет болған жағдайда балаларды тар шеңберде мамандандырылған медициналық көмек алу үшін емдеу мекемелеріне жолдама береді. Балалардың психофизикалық дамуының қарқынын жүйелі түрде бақылап, ата-аналармен консультация өткізеді.

Әлеуметтік педагогтер отбасылармен жұмыс істейді, азаматтардың әлеуметтік қызмет көрсетуге құқықтарына және олардың мүдделерін қорғауға байланысты сұрақтар бойынша консультация береді, мәселелермен күресуге көмектеседі, өз міндеттерін орындамайтын ата-аналарды бақылайды. Мамандар Орталық пен отбасының арасындағы дәнекер болып табылады. Қолайсыз отбасылар мен жұмыс атқарылады. Олар әлеуметтік, коммуникативтік дағдыны дамыту, өзіне өзі қызмет көрсету, қол еңбегі, қоршаған ортамен таныстыру, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлану бойынша түзету жұмыстарын жүргізеді.

Орталықта ата-аналарға арналған жиналыстарда кәмелетке толмаған балаларды күту, тәрбиелеу бойынша міндеттерді орындауға қатысты ата-

Қаланың шалғай аудандарындағы БЦС (балалардың церебралды сал ауруы) ауыратын балалардың аналарымен түсіндіру және тәрбие жұмыстары жүргізіледі, машинамен алып келеді және сабақтан кейін үйлеріне таратады. Сонымен қатар, балалар машинамен балалар жасөспірімдер орталығындағы концерттерге, саябақтарға, аттракциондарға және т.б. барады. Бұл біздің тәрбиеленушілерге өздерін сенімді сезінуге, өзінің ортақ іске қатысынын аңғаруға, өзін қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде сезініп, бір бірімен қатынастан рақаттануға септігін тигізеді.

Тәрбиеленушілердің сүйікті демалыс орындарының бірі – сенсорлық бөлме. Сенсорлық бөлме – бұл шағын жұмақ, онда барлығы сылдырлап, құлпырып, өзіне тартып, үрейден арылып, тыныштанады. Сенсорлық бөлмеде орнатылған арнайы құрылғы баланың барлық сезім органдарына әсер етеді. Баяу сырғитын жарық атмосферадағы «құрғақ бассейнде» немесе жұмсақ пуфиктерге жатып, тыныштандыратын музыкамен емдік шөптердің жұпар иісімен дем алып, бала өзін ертегіде жүргендей сезінеді. Мұндай бөлмеде толық қауіпсіздік, жайлылық,

жұмбақ әсер пайда болады, бұл бала мен маманның арасында байсалды, сенімді қарым-қатынас орнатуға жақсы көмектеседі, ал ол мүмкіндігі шектеулі балалармен оңалту жұмысы кезінде айрықша маңызды.

Орталықтың жұмыс тәжірибесі дамуында ауытқулары бар әр баланың хал-жағдайы тұрақты білікті көмек барысында міндетті түрде жақсара түсетінін көрсетеді.

Біз әр түрліміз, бірақ Орталық балаларды да, ересектерді де біріктіреді. Орталықтың педагогтері – балаларға Алладан берілген дарынды ашуға көмектесетін жетекшілер ғана. Орталық мамандарының ұжымы әрдайым шығармашылық ізденісте жүреді.

Бүгінгі таңда оңалту орталығы балалар үшін жайлы, мейірімге толы үй, онда оларды күтеді, олардың проблемаларына кәсіби және адамгершілік зейінмен қарайды, ал бастысы – туғанындай жақсы көреді.

Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) балаларды әлеуметтік оңалту бойынша қосымша білім берудің міндеттері

Балалықтың көптеген проблемаларының ішінде мүгедек балалардың проблемалары ерекше өзектілікке ие, олар арнайы даярлықсыз өздеріне қолжетімді әлемнің шекарасын кеңейте алмайды, өркениеттің заманға сай жетістіктеріне қосыла алмайды, алдағы ересек өмірде өздерін таба алмайды. ДМШ балалардың мәдени-ағартушы орталықтардың шалғайлығы, ата-аналардың жұмысбастылығы, көліктік инфрақұрылым, социум проблемалары салдарынан бос уақытқа арналған білім беру мекемелеріне баруға мүмкіндігі жоқ. Осыған байланысты, балалардың бұл санаты көркем, музыкалық мектептерде, техникалық шығармашылық станцияларында, экология және туризм орталықтарында қосымша білім ала алмайды, кәсіпті оқуға мүмкіндік жоқ.



Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқыту қажеттілігін ұсынатын бірқатар сұрақтар бар, әсіресе ауылдық шағын жинақталған мектептердің жағдайында. Алайда, бірқатар білім беру және қоғамдық мекемелердің жұмыс тәжірибесі денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар драмалық, би үйірмелеріне және спорттық секцияларға баруға, сайыстар мен олимпиадаларға қатысуға, сурет және музыкада дарынын көрсете алуға қабілетті екенін дәлелдейді. Мұндай жағдайда денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларда кемшілік, психологиялық жайсыздық сезімі азая түседі, нәтижесінде қоғамға жеңіл бірігеді. Осылайша, денсаулығының мүмкіндігі шектеулі



балалармен жұмыс істеуге қосымша білім берудің мемлекеттік жүйесін бағдарлау қажеттілігі туындайды.

«Қосымша білім беру мектептегі білім берудің шектеулігін бос уақытқа арналған және жекелеген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру жолымен орнын толтырады, әр балаға өзінің жеке танымдық, эстетикалық және шығармашылық сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қосымша білім беру оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктері мен шығармашылық әлеуеті туралы білімін кеңейтумен қатар, таңдап алынған қызмет саласында табыс мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сол арқылы кез келген қызмет саласында маңызды болып табылатын жеке бас қасиеттерін дамытуға көмектеседі, ортақ қызығушылықтар мен құндылықтар негізіндегі қатынас аясының мүмкіндігін құрайды».

Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі баланың тұлғасы, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтары тәрбие және білім беру процесінің ортасында болуы керек, ал оның мәні жекелеген функцияларды түзетуде емес, балаға деген жалпы тәсілдемені жүзеге асыруда, оның өзіндік және толыққанды өмірге қажетті физикалық және психикалық әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуда.

Мақсатты белгілеу баланың, оның ата-анасының қажеттіліктерімен анықталады, сондықтан қосымша білім берудің нақты тәжірибелік мақсаттары сан алуан, өзгермелі, уақытқа қарай құбылмалы, мән-жағдайға және болжалды нәтижелерге тәуелді.

Қосымша білім беру ұйымдарының жұмысына, отбасы, мектеп және басқа да әлеуметтік институттардың әлеуметтік әрекеттесу қарқынына, баланың тұлғасын дамыту бойынша әр түрлі білім беру мекемелерінің практикалық қызметінің тәжірибесіне талдау жасау шешілмеген мәселелер қатарының болуын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қосымша білім беру мекемелерінің ДМШ (денсаулығының мүмкіндігі шектелген) балаларды түзетудегі рөлі анықталмаған; балаларға қосымша білім беру жағдайындағы ДМШ баланы түзету-дамыту үдерісіне қатысушылардың педагогикалық ынтымақтастығының тұжырымдамалық үлгісі жоқ.

Жаңа әлеуметтік жағдайларда қалыптасқан және тиімді әрі жылдам шешілуді талап ететін қайшылықтар жиынтығы да мәселенің өзектілігі арта түседі:



қазіргі әлеуметтік жағдайдың денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға және оның дәстүрлі оқу жүйесінен тыс өзін көрсете алатын мүмкіндіктеріне қоятын талаптарының арасында;

ДМШ баланы тәрбиелеп отырған отбасының қажеттіліктерінің арасында, түзету-дамыту көмегінде және бұл жұмыстың арнайы білім беру жүйесінен тыс түзету процессінің басқа да субъектілерімен баланың әрекеттесуін қамтитын апробацияланған жүйенің болмауында (отбасының, қосымша білім беру мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың және т.б.);

өнердің әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктері мен оны мектеп қызметінен тыс ДМШ балалармен түзету жұмысында нашар пайдалануының арасында. Инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асырудағы қосымша білім берудің мүмкіндіктері шексіз. Балаларға қосымша білім беру бағдарламалары баланың тұлғасы мен шығармашылық әлеуетін дамытуға, кейде балалардың дарындарының алуан түрлілігі арқылы қол жеткізілетін ұжымдық нәтижеге бағдарланған.

Заманауи мектепте балаларға қосымша білім беру

Қазіргі педагогика мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының шегінен тыс барлық білім беру саласын «қосымша білім беру» терминімен сипаттайды.

Балаларға қосымша білім беру өзінің құрамы бойынша жалпылама болып табылады. Бізді қоршаған болмыста, ол тірі немесе өлі табиғат болса да, қоғамдық қарым-қатынастардың жүйесі, сана-сезім өрісі болса да, қосымша білім берудің пәні болып табылмайтын ештеңе жоқ. Сондықтан ол тұлғаның сан түрлі қызығушылықтарын қанағаттандыра алады.



Қазіргі уақытта балаларға қосымша білім берудің көптеген бағыттары бар. Олардың ішінде негізгісі болып саналатындары мыналар:

- көркемдік-эстетикалық;
- ғылыми-техникалық;
- спорттық-техникалық;
- экологиялық-биологиялық;
- дене шынықтыру-сауықтырулық;
- туристік-өлкетанулық;
- әскери-патриоттық;
- әлеуметтік-педагогикалық;

- мәдениеттанушылық;
- экономикалық-құқықтық.

Бұл тізім ашық болып табылады және балалар мен олардың ата-анасының сұранысына сәйкес толықтырылуы мүмкін. Ал жұмысты ұйымдастыру мектептің педагогтері мен әкімшілігіне байланысты болады.

Қосымша білім берудің міндеттерін жүзеге асыра отыра, мектеп қажеттіліктер арасындағы бар қайшылықтарды шешуге тырысады, бір жағынан, оқу стандарттарын игереді, екінші жағынан – тұлғаның еркін дамуына жағдай жасайды, ал бұл білім беру реформасының маңызды қағидаты деп жарияланған білім беруді ізгілендірудің негізі болып табылады.

Гуманистік педагогика баланы тұлға және дара адам ретінде қабылдауға, оның өзін дамытуға және өзін анықтауға құқығын қорғауға бағыттылығымен ерекшеленеді. Қосымша білім беру осы өлшемдерге толық жауап беретіні белгілі болып отыр. Ол өзінің мәні бойынша базалық білім беруге қарағанда тұлғалық бағдарланған болып табылады және мектептік стандарттарды игеруге бағытталған пәндік бағдарланған болып қала беруде. Мектеп қабырғасында білім берудің екі түрінің де тығыз байланысуы ғана жеке баланың да, балық білім беру мекемесінің де дамуына көмектесе алады. Мұны түсіну – мектеп педагогтерінің қосымша білім беруді негізгімен тең дәрежеде қабылдау жолындағы психологиялық кедергіні еңсерудің негізі. Бұл өте қиын! Ең алдымен, мектеп мұғалімдеріне қиын, олар негізгі білім берудің құрамын өзінің сабақтан тыс қызметінде ескеруге тырысады (бұл бірыңғай білім кеңістігін құру үшін маңызды), алайда соның өзінде көп жағдайда ғибратты әрекет етіп, бұл жұмысты сыныптық-сабақтық қағидат бойынша жүргізеді. Қосымша білім беруді жүзеге асырудың әдісін өзгерту әрдайым олардың қолынан келе бермейді. Бірақ оған таң қалуға болмайды. Оған үйрету керек! Әзірше педагогикалық оқу орындарында, институттарда мұғалімдерді осыған даярлауда, **ал оған дейін мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтерінің ортақ әдістемелік бірлестіктерін құру қажет.** Мұндай тәжірибе, мысал үшін, оқу-тәрбие кешендерінде жинақталған; ал ол пән мұғалімдеріне де, сынып жетекшілеріне де, ұйымдастырушы-педагогтерге де, мектеп психологтарына да пайдалы болуы мүмкін.

«Қатерлі топ» ұғымының мазмұны. «Қатерлі топтағы» балалармен жұмыс барысындағы ғылыми тәсілдер. «Қатерлі топтағы» балалар: терминологиялық талдау

Балаларға қосымша білім берудің дамуын талдау бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде оны ұйымдастырудың төрт негізгі үлгісі бар екенін көрсетеді.

Бірінші үлгі үйірмелердің, секциялардың, клубтардың кездейсоқ жиынтығымен сипатталады, ал олардың жұмыстары әрдайым бір-бірімен байланыса бермейді. Мектептің барлық сыныптан тыс және сабақтан тыс қызметі толығымен бар кадрлық және материалдық мүмкіндіктерге байланысты; қосымша білім беруді дамытудың стратегиялық дамуы талқыланбаған. Өкінішке орай, әзірше бұл ең таралған үлгі. Алайда, мектептегі қосымша білім берудің мұндай нұсқасы да белгілі бір мағынаға ие, өйткені балалардың бос уақытын жұмыспен қамтуға және олардың сабақтан тыс қызығушылықтарының спектрін анықтауға септігін тигізеді.

Екінші үлгі мектептегі қосымша білім берудің әр құрылымының ішкі ұйымдастырушылығымен ерекшеленеді, бірақ бірыңғай жүйе ретінде әлі жұмыс істемейді. Дегенмен, мұндай үлгілерде балаларды да, балалар мен ересектерді біріктіретін жұмыстың айрықша формалары кездеседі (ассоциациялар, шығармашылық зертханалар, «экспедициялар», хобби-орталықтар, т.с.с). Мұндай мектептерде қосымша білім беру саласы жиі негізгі білім беру құрамын жанарту процесіндегі ізденістің ашық зонасына, оның өзіндік резерві мен зертханасына айналады. Нәтижесінде қосымша білім беру бағдарламаларының асында оқытылған оқу салалары кейін мектептердің базистік оқу жоспарына кіреді.

Қосымша білім беруді ұйымдастырудың **үшінші үлгісі** жалпы білім беретін мектептердің бір немесе бірнеше балаларға қосымша білім беру мекемесімен немесе мәдениет мекемелері – балалар шығармашылық орталығы, мекен-жайы бойынша клубтар, спорттық және музыкалық мектептермен, кітапханалармен, театрлармен, мұражайлармен және т.б. тығыз әрекеттесуінің негізінде құрылады. Мұндай ынтымақтастық тұрақты негізде жүзеге асырылады. Мектеп және мамандандырылған мекеме ортақ қызмет бағдарламасын әзірлейді, ол көп жағдайда осы мектептегі қосымша білім беру құрамын белгілейді. Сонымен бірге, қосымша білім беру бағдарламаларын іс-тәжірибеде жүзеге асыруда осы мекемелердің мамандарының рөлі айтарлықтай өседі. Тәжірибе көрсеткендей, балаларды жаңа қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту негізгі мектептің гуманитарлық пәндеріне оқушылардың қызығушылықтарының өсуіне оң әсерін тигізеді, ал ең бастысы – жоғары сынып оқушыларын көркем-қолданбалы бағыттар қатары бойынша кәсіпалды даярлықтың негізін құрайды.

Қазіргі мектептегі қосымша білім беруді ұйымдастырудың **төртінші үлгісі** оқу-тәрбие кешендерінде (ОТК) бар. Бүгінгі таңда үлгі балаларға негізгі және қосымша білім беруді біріктіру көзқарасы бойынша ең тиімді болып табылады, себебі онда білім берудің екі түрі де тығыз байланысады. ОТК-де мектептен тыс қосымша білім берудің көрнекті инфрақұрылымы құрылады, оның негізінде баланың түрлі қажеттіліктері мен оның өзі өзі тануын қанағаттандыру үшін жағдай туады.

Көбінесе ОТК негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің бірыңғай ұйымдық құрылымға стационарлық бірігуі түрінде болады. Мысалы, мектептің өзінде қосымша білім берудің бейінді мекемесі жұмыс істеуі мүмкін – көркем, музыка, спорт мектептері, оқушылардың техникалық шығармашылығы орталықтары және т.с.с. Сондай-ақ, мектепте үйірмелер, студиялар, секциялар, клубтардан тұратын көпбейінді балалар шығармашылығы орталығы тұтас бірігуі мүмкін. Жалпы білім беретін мектеп одан да күрделі бірлестіктердің құрамына кіруі мүмкін, мысалы: мектеп – қосымша білім беру мекемесі – жоо.

Оқу-тәрбие кешендерін ұйымдастыру аудан орталықтарынан шалғай орналасқан қазіргі ірі мегаполистер, сондай-ақ, ОТК халықтың айтарлықтай маңызды бөлігі үшін мәдени орталықтардың рлің атқаратын шағын қалалар үшін әсіресе тиімді.

Білім берудің әр түрін біріктіру балалар үшін де, педагогтер үшін де, жалпы социум үшін де бірқатар басымдықтар тудырады. Осылайша, балалар мен жасөспірімдерде Сарай мен клубтар ұсынатын қосымша білім берудің түрлі бағыттарына тұрақты қызығушылық пайда болады. Балалардың қызығушылығын арттыру Сарайдың шығармашылық ұжымының құрамын тұрақтандырады, әсіресе жоғарғы жас тобында. Осының барлығы балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік-педагогикалық кешеннің тәрбиелік кеңесінің аясында тұрақты ұстауға және бұл кеңістікті тұрақты түрде кеңейтуге мүмкіндік береді.

Оқу-тәрбие кешендерінде негізгі білім беру мен көпбейінді қосымша білім берудің тығыз байланысуы білім берудің жаңа типі – гуманистік әлеуметтік-педагогикалық ортаны құруға негіз тудырады, ал ол әр баланың жеке басының жан-жақты дамуына, өзін-өзі тану жолын іздеуге, жекелеген балалар ұжымдарында да, жалпы мектептік ұжым деңгейінде де жайлы әлеуметтік-психологиялық климаттың пайда болуына септігін тигізеді.

ОТК-де бірыңғай жоспар бойынша үлкен педагогикалық ұжымдар жұмыс істейді, онда мектеп мұғалімдерінен басқа балаларға қосымша білім беру бойынша мамандар, мәдениет қызметкерлері бар. Мұнда көбінесе білім беруді сабақтан тыс қызметке қарай емес,

керісінше құрады. Және де бұл әсер түрлі жоспарлы. Біріншіден, қосымша білім беру мектептің оқу *процесіне* әсерін тигізеді. Қосымша білім беру бағдарламалары:

- негізгі және факультативті пәндер бойынша оқушылардың білімін тереңдетеді және кеңейтеді;
- мектеп оқуын оқушылардың көпшілігі үшін маңызды етеді;
- оқушылардың оқу-зерттеу белсенділігін ынталандырады;
- жалпы білім беру курстары бойынша оқуға деген уәждемесін арттырады.

Екіншіден, мектептегі қосымша білім беру оқушыларға айтарлықтай тәрбиелік ықпал етеді: ол баланың өзін дамытуға қажеттілігін тудыруға, оның шығармашылық қызметке даярлығы мен әдеттенуін қалыптастырады, оның өзін өзі бағалауын, құрдастарының, педагогтердің, ата-анасының алдында мәртебесін көтереді. Оқушылардың оқудан тыс уақытта жұмыспен қамтылуы олардың өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі бақылауын нығайтуға, бос уақытты мазмұнды өткізуге дағдының пайда болуына көмектеседі, балалардың салауатты өмір салтына деген тәжірибелік дағдыны қалыптастыруға, қоршаған ортаның жағымсыз ықпалына қарсы тұруға мүмкіндік береді. Балалардың жаппай бос уақыттық бағдарламаларға қатысуы мектептік ұжымның ұйымдасуына, мектептің дәстүрлерін нығайтуға, онда жағымды әлеуметтік-психологиялық климаттың бекітілуіне септігін тигізеді.

Қосымша білім берудің тәрбиелік мүмкіндіктерін педагогтер жеткіліксіз шамада түсінуі өкінішті. ОТК мен қосымша білім беру жүйесі дамыған басқа мектептердің тәжірибесі көрсеткендей, баалалардың сабақтан тыс қызметі оқу жетістіктеріне оң әсерін тигізе бастағанда ғана мектеп мұғалімдері оны бағалай бастайды. Сол кезде педагогтер біртіндеп оқушылардың бұл қызметін көркем немесе техникалық шығармашылық, спорт немесе туризм, пәндік оқуға және баланың жеке басының дамуына көмектесетін фактор ретінде қабылдай бастайды.

Мұғалімдердің көбі мектепте берілетін білім мен оқушылардың өміріне қажетті білімнің арасында әзірше үлкен алшақтық бар екенін түсінеді. Бұл пікірмен оқушылардың өзі де келіседі, қазіргі таңда олар денсаулықты, өзіне деген сенімділікті, махаббатты, яғни жеке-психологиялық тұрғыдағы құндылықтарды көбірек бағалайды. Одан кейінгілер: қызықты жұмыс, материалды ауқаттылық, тату отбасы, үй жайлылығы. Бір қызығы, оқушылар демалыс пен көңіл көтеруді өмірлік құндылық ретінде саралауда төменгі орындардың біріне қояды.

Жастар білім беруге немқұрайлы қарамайды, бірақ оның өмірлік және тұлғалық бағдарлы болғанын қалайды. Жалғыз базалық білімнің бұл мәселені шеше алмайтыны анық. Сондықтан қосымша білімнің зор

мүмкіндіктерін пайдалана білу маңызды, соның арқасында оқушы қызмет түрін өз бетімен таңдауға, өзіндік оқу жолын белгілеуге мүмкіндік алады.

Осылайша, мектептегі қосымша білім беру мектептің өмірін ізгілендіруге бағытталған бүтін бір міндеттер кешенін шешуге қабілетті:

- баланың жеке басы дамуының бастапқы мүмкіндіктерін түзеуге;
- оның жеке оқу жолын таңдауға көмектесуге;
- әр оқушыға «табыс жағдайын» қамтамасыз етуге;
- бала мен педагогтің жеке басының өзін өзі тануға көмектесуге.

Әрине, бүгінде барлық мектептер бұл міндеттерді шешуге қабілетті емес. Алайда тек оқу үрдісіне ғана сенуге болмайтын уақыттың келгені айдан анық. Оның білім берудегі заманауи сапасын қамтамасыз етудегі тиімділігі, әсіресе, сыныптық-сабақтық жүйе аясында шексіз емес. **Қосымша білім беруді екінші дәрежедегі ретінде қабылдау стереотипінен арылып, оның расында да баланы оқыту, тәрбиелеу және дамытуын бірыңғай үрдіске біріктіретін мүмкіндігінің бар екенін түсінетін уақыт келді.**

Қорытындылай келе, жалпы білім беретін мектептегі балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру бойынша бірнеше тәжірибелік ұсыныстар келтіреміз.

Өз мектебіңізде қосымша білім беру формаларын енгізе отырып, келесі бағыттар бойынша талдау жүргізіңіз:

- өз мектебіңіздің мақсаттары мен міндеттерін мұқият талдаңыз;
- балалар мен ата-аналардың қосымша білім беру қызметіне деген сұранысын анықтап алыңыз (сауалнама арқылы);
- балаларға арналған қолданыстағы факультативті курстар мен үйірмелерді жазып алыңыз;
- мұғалімдердің, ата-аналардың, жоғары сынып оқушыларының шығармашылық әлеуетіне талдау жасаңыз;
- мектептің материалдық-техникалық мүмкіндіктеріне талдау жасаңыз;
- жақын орналасқан қосымша білім беру мекемелері ұсынатын қосымша оқыту қызметтерін зерттеп біліңіз, олармен бірлескен мүмкін жұмыс нұсқаларын ойластырыңыз;
- ұйымдастырушы педагогтің және қосымша білім беру педагогінің лауазымдық міндеттерін зерттеп біліңіз;
- балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру бойынша негізгі нормативтік құжаттарды зерттеп біліңіз (заңдар, қаулылар, бұйрықтар, нұсқаулар).

Қосымша білім беруге әлеуметтік тапсырыс беру және мектептің нақты мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастырып, **сіздің мектебіңіздегі қосымша білім берудің жалпы схемасын құруға тырысыңыз.**

Ол үшін келесі сұрақтарға жауап беру керек.

1. Қосымша білім берудің қандай түрлерін және бағыттарын сіздің мектебіңіздің негізінде кіші буыннан үлкен буынға дейін үздіксіз жүзеге асыруға болады?

2. Қосымша білім берудің қандай бағыттарын маманданған ұйымдардың негізіне шығаруға болады?

3. Қосымша білім берудің қаншалықты таңдаулы формалары мен бағыттары мектептің мақсаттары мен міндеттерінің іске асуына әсер етеді?

4. Төменгі сынып оқушыларына қосымша білімнің формалары мен бағыттарын еркін тануды қалай үйретуге болады?

5. Үйренушілердің сұраныстарына сәйкес қандай мамандануға дейінгі дайындықты ұсынуға болады?

6. Қосымша білім берудің қандай бағыттарын мұғалімдер, арнайы шақырылған мамандар, ата-аналар, жоғары сынып оқушыларының көмегімен іске асыруға болады?

7. Мектептің бастапқы материалдық-техникалық базасы қандай? Оны балаларға қосымша білім беру саласында қалайша пайдалануға болады? Не арқылы оны дамытып, жетілдіруге болады?

Осы сұрақтарға жауап берген соң, **қосымша білім берудің жұмыс кестесін жасаңыз** және оны негізгі сабақтардың кестесімен сәйкестендіріңіз. Ұсынылған әрекеттер мектептегі қосымша білім берудің біртұтас жүйесін құруға бірінші қадам болып табылады. Бастысы – оны орындау. Кейінгісі сіздің қалауыңыз, табандылығыңыз және бүгінгі күнгі мектептерде біздің балаларымыздың қандай білім алып жатқандығын шын жүрекпен ойлайтындарды соңыңыздан ерте алу қабілетіңізге байланысты.

«Қатерлі топ» ұғымының мазмұны.

«Қатерлі топтағы» балалармен жұмыс барысындағы ғылыми тәсілдер. «Қатерлі топтағы» балалар: терминологиялық талдау

«Қатерлі топ» түсінігі бастапқыда медицинада қолданылған. ХХ ғасырдың 60-жылдарының соңында олар психологияға ауыстырылып, қайта ойланылып, біртіндеп патология талдауынан норма аясындағы баланың психикалық даму мәселесіне таралды, мысалы, мінез-құлқындағы, оқуындағы және тұлғаның қалыптасуындағы қиындықтар. Кеңес кезеңінде, қоғамдық мүдде басымдылығының мәнмәтінінде, «қатерлі топ» түсінігі айналадағы адамдар мен жалпы қоғамға әлеуетті

қауіп-қатер келтіретін мінез-құлықты балалар санатын белгілейтін, өйткені бұл жалпыға бірдей қабылданған әлеуметті нормалар мен ережелерге қайшы келетін. Соңғы жылдары балалардың бұл санатын мамандар өздері қоғамда қандай тәуекелге душар болса, сол тәуекел тұрғысында қарастырады: өмірінен, денсаулығынан, даму үшін қалыпты жағдайдан айырылу.

Педагогика ғылымдарының докторы Л.Я. Олиференко өзінің қатерлі топтағы балалармен жұмыстың әдістемесін зерттеуге арналған жұмыстарында «қатерлі топтағы балалар» түсінігінің өзі түрлі түсіндірмелерге ие және нақтылау мен дамытуды қажет етеді деп санайды. Өзінің «қатерлі топтағы балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау» жұмысында ол былай деп жазады: «қатерлі сөзі қағида бойынша, болуы немесе болмауы мүмкін негативті, керексіз мүмкін, ықтимал бірдемені білдіреді. Сондықтан тәуекел топтағы балалар туралы сөз қозғалғанда, бұл балалардың іске қосылатын немесе қосылмайтын жағымсыз факторлардың ықпалында жүрген деген мағынамен айтылады.

Мұнда қатердің екі жағы туралы айтылып тұр.

Бір жағынан, бұл осы санаттағы балалардың қоғамға келтіретін қауіп-қатері. «қатерлі топ» түсінігі кеңес кезеңінде қоғамдық мүдде басымдылығының мәнмәтінінде пайда болғанын айта кету керек. Бұл түсінік әрекеттері айналадағы адамдар мен жалпы қоғамға белгілі бір қауіп төндіретін адамдардың, отбасылардың санаттарын ажыратып алуға мүмкіндік беретін, өйткені ондай әрекет жалпыға ортақ қабылданған нормалар мен ережелерге қайшы келеді.

Бірақ соңғы жылдары балалардың бұл санатын мамандар өздері қоғамда қандай қатерге душар болса, сол қатер тұрғысында қарастырады: өмірінен, денсаулығынан, даму үшін қалыпты жағдайдан айырылу».

Түрлі ғалымдар балалар мен жасөспірімдерді осы санатқа жатқызатын әр түрлі факторлар тобын бөледі. Е.И. Казакованың пікірінше, қатер факторларының үш негізгі тобын атап айтуға болады, олар балаға ықтимал қауіп төндіреді: психофизикалық, әлеуметтік, педагогикалық.

Осы пікірге В.Е. Летунованың тәсілдемесі жақын, ол қатер факторларының келесі топтарын бөледі:

- медико-биологиялық (денсаулық топтары, тұқым қуалайтын себептер, психикалық және физикалық дамудағы ауытқулар, баланың туу жағдайы, анасының аурулары және оның өмір салты, жатыр ішінде дамыған зақымдар және т.б.);

- әлеуметтік-экономикалық (көпбалалы және толық емес отбасылар, кәмелетке толмаған ата-аналар, жұмыссыз отбасылар, бейморальды өмір салтын ұстанатын отбасылар; қоғамдағы өмірге

бейімсіздік; қашу, қаңғырушылық, іссіздік, ұрлық, алаяқтық, төбелес, кісі өлтіру, өзіне өзі қол жұмсауға талпыну, агрессиялық мінез-құлық, спирттік ішімдіктер, есірткі қолдану);

- психологиялық (әлеуметтік ортаны жатсыну, өзін қабылдамау, невротикалық реакция, айналадағы адамдармен қарым-қатынастың бұзылуы, эмоциялық тұрақсыздық, қызметтегі табыссыздық, әлеуметтік бейімделудегі табыссыздық, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынастағы, әрекеттесудегі қиындықтар);

- педагогикалық (білім беру мекемелері бағдарламаларының мазмұны мен балаларды олардың психофизикалық ерекшеліктеріне үйрету жағдайларының, балалардың психикалық даму қарқыны мен оқу қарқыны арасындағы сәйкессіздік, теріс бағалардың басымдылығы, қызметтегі сенімсіздік, оқуға деген қызығушылықтың болмауы, оң тәжірибеге жабық болу, оқушы үлгісіне сәйкессіздік).

Сонымен, жұмыста «қатерлі топты» белгілеуге негізгі тәсілдемелер көрсетілген. Тәуекел тобындағы балалар түрлі тәсілдемелердің көзқарасымен зерттеліп келе жатқан көпмағыналы түсінік болып табылады.

Ғылыми әдебиетте «қатерлі топтағы балалар» ұғымы синонимдік анықтамалар қатарына ие: «қиын өмірлік жағдайдағы балалар», «аса қиын өмірлік жағдайдағы балалар», «ата-анасының қарауынсыз қалған балалар», «әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балалар», «қоғамдық тәрбиені қажет ететін балалар», «мемлекеттің көмегін қажет ететін балалар». Зерттеушілердің жұмыстарын зерттеп білген соң, «қатерлі топтағы балаларды» анықтайтын екі тәсілдеме бар деген қорытындыға келуге болады.

Құқықтық тәсілдемеге сәйкес, «қатерлі топтағы балалар» ұғымы заңнамада қабылданған «қиын өмірлік жағдайға душар болған балалар» түсінігіне теңестіріледі. Бұл жағдайда тәуекелді мұндай балалардың қоғамға қауіп ретінде түсінуге болады. Панасыз, қараусыз, жетім балалар және т.б. өмірлік қиындықтарға төзе алмағанның салдарынан, мемлекетпен қорғалмаған, қоғаммен байланыстан қол үзген олар толыққанды қоғам меншігіне айналып, өзін өзі танытып, осы қоғамға қажет адам бола алмайды. Олар мемлекеттің көмегі мен қолдауын қажет етеді.

Қиын өмірлік жағдайдағы балалардың санаты:

- экстремалдық жағдайға душар болған балалар;
- психикалық немесе физикалық дамуында кемістіктері бар балалар;
- мүгедек балалар;
- зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар;
- аз қамтылған отбасында тұратын балалар;
- қарулы және ұлтаралық кикілжіңдердің, экологиялық және

техногенді апаттардың, табиғи апаттардың құрбаны болған балалар;

- арнайы оқу-тәрбиелік мекемелердегі балалар;

- жағдайларға байланысты тіршілік әрекеті бұзылған және бұл жағдайларға өз бетімен немесе отбасының көмегімен төтеп бере алмайтын балалар;

- тәрбиелік колонияларда бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген балалар;

- ата-анасының қарауынсыз қалған балалар;

Әлеуметтік қауіпті күйге қатысты екі жағдайды қарастыру ұсынылады:

1) әлеуметтік қауіпті күйге душар болған отбасы;

2) әлеуметтік қауіпті күйге душар болған кәмелет жасқа толмаған бала.

Үшінші жағдай келесіні білдіреді.

Ата-анасы немесе кәмелетке толмаған баланың заңды өкілдері:

а) балаларды тәрбиелеу, оқыту және күту бойынша өзінің міндеттерін атқармайтын отбасы;

б) балалардың мінез-құлқына теріс ықпал ететін немесе оларға қатыгездік көрсететін отбасы.

Әлеуметтік қауіпті күйге душар болған баласы бар отбасы.

Үшінші жағдай келесіні білдіреді.

18 жасқа дейінгі қараусыздық немесе панасыздықтың салдарынан:

а) оның тәрбиесі мен күтімінің талаптарына сай келмейтін жағдайға душар болған тұлға;

б) оның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайға душар болған тұлға.

Құқық бұзушылық немесе қоғамға қарсы әрекет жасайтын тұлға.

Жоғарыда жазылғандарды қорыта келгенде, баланың әлеуметтік қауіпті күйі қараусыздықпен панасыздыққа байланысты деген тұжырым жасауға болады. Мына екі аса маңызды түсінікті анықтау қажет:

Қараусыз – ата-анасы немесе заңды өкілдері, немесе лауазымды тұлғалардың тарапынан тәрбиелеу, оқыту және күту бойынша міндеттердің орындалмауының салдарынан іс-әрекетіне бақылау жасалмайтын кәмелетке толмаған бала.

Панасыз – мекендеу орны мен тұратын жері жоқ қараусыз қалған бала.

Жетім балалар және әлеуметтік жетімдік.

Бүгінгі таңда ресми құжаттарда «жетім балалар» және «ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» деген ұғымдар қолданылады:

- жетім балалар – ата-анасының екеуі де немесе біреуі қайтыс

болған 18 жасқа дейінгі тұлғалар;

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – ата-анасының болмауына немесе ата-аналық құқықтан айрылуына, ата-аналық құқығының шектелуіне, ата-анасының хабарсыз жоғалып кетуіне, ата-анасының қабілетсіз (қабілеті шектеулі) болуына, емдеу мекемелерінде жатуына, өлі деп жариялануына, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза өтейтін мекемелерде жазасын өтеп жүруіне, қамауда отыруына, қылмыс жасауға күдікті немесе қылмыс жасағаны үшін айыпталуына, ата-анасының балаларын тәрбиелеуден және оның құқығы мен мүддесін қорғаудан бас тартуына, ата-анасының тәрбие, емдеу, халықты әлеуметтік қорғау және басқа да ұқсас мекемелерден алып кетуден бас тартуына байланысты, және баланың бекітілген заңнамалық тәртіпте ата-анасының қарауынсыз қалды деп танылуына байланысты басқа да жағдайларда, бір немесе екі ата-анасының да қарауынсыз қалған 18 жасқа дейінгі тұлғалар.

«Номиналды» ата-анасы бар және олардың тарапынан тиісті қамқорлық пен назардан айырылған балалар да қараусыз және панасыз балалардың қатарын толықтыруда. Олардың санын анықтауға қатысты қиындықтар «көше» және «панасыз» балалар ұғымдарының жылжымалдығына байланысты. «Көше балалары» ұғымы өзінің мағынасы бойынша кең және өзінің құрамына түрлі балалар санатын кіргізеді, оларды екі белгіге сәйкес жіктеуге болады:

1. баланың көше өміріне елігу деңгейі;
2. балалардың «қалыпты» әлеуметтік институттармен (отбасы, мектеп, балалар ұйымдары) әлеуметті байланыстың сақталу деңгейі.

Осы белгілерге сәйкес балаларды келесі топтарға бөлеміз:

1-топ – дала жағдайларында үздіксіз тұрақтау ұзақтығы 6 айдан кем емес жасөспірім балалар;

2-топ – күндізгі уақытты далада өткізетін жасөспірім балалар. Даладағы тұрақты өмір сүруі ұзақ емес;

3-топ – даладағы үздіксіз тұрақтауы тәуліктерден бір айға дейін созылатын үлкен жасөспірімдер және кәмелетке толған балалар

Балаларды осылай әрқайсысы әлеуметтік жұмыстың өзіндік ерекше технологиялары бар топтарға жіктеу олармен нәтижелі жұмыс жүргізу үшін қажет. Осылайша әртүрлі белгілерге негізделетін типологизациялар пайда болады. Мысалы, «дала балаларының» жіктелуінде «амандық көрсеткіші», яғни баланың позитивті дамушы салаларға қатысуы қолданылады.

Бала құқықтары туралы конвенцияға сүйене отырып, осы зерттеу шегінде әлеуметтік жетімдер категориясына «уақытша немесе тұрақты отбасылық ортадан айырылған немесе өз қызығушылықтарында ондай ортада қала алмайтын» балаларды жатқызуға болады.

Заңдар ата-ананың қарауынсыз қалған балаларды мемлекеттік

қамтамасыз ету жүйесінің негізін қалайды. Бұл жүйеге мыналар жатады: балалардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын сақтауға кепіл беретін нормалар жиынтығы; жетімдер мен ата-ана қарауынсыз қалған балаларды қамсыздандырудың әртүрлі формаларын қамтамасыз ететін нормалар жиынтығы.

Қолданыстағы заңнама Бала құқықтары туралы конвенцияға сәйкес қараусыз қалған балаларды қамсыздандырудың әр түрлі формаларын қарастырады: асырап алу, қамқорлыққа алу, асырап алушы отбасының қарауына беру, балалардың осы категориясына арналған ұйымдарға тапсыру және басқасы. Заңнама сонымен қатар ата-ана қарауынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын ерекше құрылымдарды жасауды қарастырады. Олар – қамқоршылық органдары, сонымен қатар тәрбиелік, емдеу және басқа ата-ана қарауынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар. Қамқоршылық органдары ата-ана қарауынсыз қалған балаларды анықтап, сондай балалардың санағын жүргізеді, оларды қамсыздандыру формаларын таңдайды, балаларды кейінгі асырау, тәрбиелеу және білім беру жағдайларын бақылайды. Қамқоршылық органдары жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бір бөлігі болып табылады.

Зерттеліп отырған балалардың категориясын анықтаудың басқа да жолы бар. Тәуекел тобы балалары мүгедек, жетім, заң бұзушы балалармен қатар әлеуметтік-педагогикалық қызметтің объектілері ретінде қарастырылады.

Осылайша, психологиялық ғылымдар докторы Шульга Т.И. тәуекел тобы балаларына келесі балалар категорияларын жатқызады:

- анық көрінетін клинико-патологиялық сипаттамалары жоқ даму мәселелері бар балалар;
- әртүрлі жағдайларға байланысты ата-ана қарауынсыз қалған балалар;
- нашар және асоциалды отбасыларынан шыққан балалар;
- әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек және қолдауды қажет ететін отбасыларынан шыққан балалар;
- әлеуметтік және психологиялық-патологиялық дезадаптация белгілері бар балалар

Өз кезегінде зерттеуші А.Л. Лихтарников балалардың бұл категориясын педагогика көзқарасы бойынша «қиын» деп қарастырған. «Тәуекел тобы» балалары – педагогтар, тәрбиешілер және басқа мамандардың ерекше назарын қажет ететін балалар категориясы.

Оларға жататындар:

- аффективті саладағы ауытқулары бар балалар;
- педагогикалық қараусыз қалған балалар;
- психикалық дамуы кідіріске ұшыраған балалар;
- даму мәселелері бар балалар (олигофрендер);

- мінез-құлқында психикалық ауытқулары бар балалар және басқалары.

Дефектология және психология бойынша әдебиеттерді зерттей келе, бұл категорияға солақай балаларды және эмоциялық күйінің ауытқулары байқалатын балаларды да жатқызуға болатындығы анықталды. Соңғы кездері қиын мектеп оқушылары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Қағида бойынша, бұлай нашар оқитын, тәртібі жаман мектеп оқушыларын, дезорганизаторларды атайды. «Қиын» жасөспірім, «қиын» мектеп оқушысы танымал сөздерге айналды. Көпшілік кәмелетке толмаған заң бұзушылар өткенде қиын оқушы болған деп саналады.

Қиын балалар туралы айтқанда, көбінесе педагогикалық қиындықты ескереді. Сонымен бірге көпшілік жағдайларда негізге құбылыстың тек бір жағы алынады – осы балалармен жұмыс жасаудың қиындығы және екіншісі – осы балалардың өмірлік қиындықтары, ата-аналарымен, мұғалімдерімен, достарымен, замандастарымен, үлкендермен қарым-қатынастарындағы қиындықтары – қарастырылмайды.

Қиын балалар көбінесе жақсы оқуды және өздерін дұрыс ұстауды қаламайды және бұл олардың қолдарынан келмейді.

Қиын балалардың құрамы біртекті емес және осы қиындықтың себептері бірдей бола алмайды. Оқушылардың қиындығы үш негізгі факторға сүйенеді:

- педагогикалық қараусыз қалу;
- әлеуметтік қараусыз қалу;
- денсаулығындағы ауытқулар.

Міне-құлқы, үйренуі, қарым-қатынастарында тәуекелі бар бала көп жағдайларда қиын деп аталатындықтан, зерттеуші А.Л. Лихтарников «қиын» деген сөзді қалай түсіну керектігін анықтау үшін білім беруші ұйымдардың 200 мұғаліміне сауалнама жүргізді. Әңгіме көп жағдайларда өз пікірін дәлелдеп, педагогпен дауласып, бүлік шығарып, өзінің дұрыстығын ештеңеге қарамастан дәлелдеуіне қарамастан, өзінің сөздері үшін де, әрекеттері үшін де жауапкершілік сезінбейтіндіктен сабақ үстінде бірлесіп әрекет ету мүмкін емес бала туралы болып шықты. Яғни, бала, онымен үлкендер тіл табыса алмағанда, «қиын» болады.

Қорытындыласақ, мүгедек балалар, жетім балалар, заң бұзушы балалар сияқты балалардың категорияларының жағдайы мемлекетпен заңды және нормативті түрде реттеледі және сондай балаларды анықтап, олардың статусын орнататын арнайы органдар және ведомстволар (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғаныс, ішкі істер салалары), сонымен қатар арнайы ұйымдар бар. Соңғы анықталған топ – нашар отбасылардан шыққан, үгерімі төмен,

девиантты мінез-құлықтың әртүрлі формалары байқалатын тәуекел тобы балалары туралы айтсақ, бұл категория «ресми емес» категория ретінде қарастырылады. Осы позициядан тәуекел тобы балаларының ерекшелігі олардың заң жүзінде ерекше қарым-қатынасты талап етпейтін балалар болып саналғанымен, іс жүзінде бұл балалар олардың БҰҰ бала құқықтары туралы конвенциясы және басқа да заң актілерімен негізгі құқықтары – олардың толыққанды дамуы үшін қажет өмір сүру деңгейі құқығы және білім алу құқығы толық жүзеге аспайтын оқиғаларға тап болып отыр.

«Қиын топтағы» балалармен жұмыс.

Әлеуметтік қызметкердің «қиын топтағы» балалармен жұмысына көптеген бағыттар кіреді. Бұл баламен жеке де, оның қоршаған ортасымен – достарымен, мектептегі құрдастарымен де жұмыс. Әлеуметтік қызметкердің «қиын топтағы» балалармен жүргізетін жұмысына баланың педагогтерімен бірлескен жұмысы да жатады. Педагогтер баланың танымдық белсенділігі және оның оқу барысындағы үлгерімі туралы құнды ақпарат бере алады. Әлеуметтік қызметкердің «қиын топтағы» балалармен жұмысына баланың отбасымен жұмыс та кіруі керек.

«Қиын топтағы» балалармен әлеуметтік жұмыс кешенді сипатта жүргізіліп, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық көмектің барлық формаларында жүзеге асуы керек.

«Қиын топтағы» балалармен жұмысқа келесілер жатады:

- білім алушылар мен олардың отбасыларының әлеуметтік-педагогикалық диагностикасы, «әлеуметтік диагноз» қою;
- топтың барлық проблемалық жасөспірімдерін анықтау, жасөспірімнің отбасындағы жағдайын зерттеу;
- білім алушының қызығушылықтары, бейімділіктері, икемділіктерін зерттеу, оны сабақтан тыс үйірмелік әрекеттерге тарту мүмкіндігі.

«Қиын топтағы» жасөспірімінің отбасына көмек көрсету бойынша іс-шараларды кәсіби этика нормаларына сәйкес әлеуметтік педагог және (немесе) педагог-психолог өткізеді.

«Қиын топтағы» жасөспірімінің отбасына көмек көрсету бойынша жоспарланған іс-шаралардан басқа отбасына жедел (жоспардан тыс) көмек қажет болатын оқиғалар да мүмкін.

Өз құзіретінің шегінде маман ондай көмекті өз бетінше көрсете алады және қажет болғанда, мамандарды **«қиын топтағы» балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау технологиялары.**

«Қиын топтағы» балалар, қағидаға сәйкес, дамуға қажет қалыпты жағдайлардан айырылған, және бұл психологиялық және әлеуметтік сипаттағы негативті салдарға алып келеді. Ондай балаға бір жағынан –

ол тап болған қиын өмірлік немесе әлеуметтік қауіпті жағдайды өзгертуге, ал екінші жағынан – оның әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелері мен қиыншылықтарын кезеңдік минимизациялауға бағытталған көмек қажет.

Балалардың осы категориясымен жұмыстағы дәл сондай кешенді әлеуметтік-педагогикалық әдіс олармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясының негізіне бағытталуы керек. Сонымен бірге «Тәуекел тобы» балаларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың екі негізгі құрағышы бар екендігін ескеру қажет:

- балалардың осы категориясын балалар ортасында анықтау және олармен жұмысты ұйымдастыру;

- балалармен тікелей жеке немесе топтық жұмыс.

«Тәуекел тобы» балаларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс барысында шешілуді қажет ететін мәселелердің кешенділігі осы әрекетке әртүрлі мамандардың қатысуын талап етеді. Алайда басты рөл әлеуметтік педагогке, ең әуелі жалпы білім беретін ұйымның әлеуметтік педагогіне тиесілі. Бұл жалпы білім беретін ұйымдардың көз аясында дерлік барлық балалар болатындығына негізделеді, себебі олар мектепке баруға міндетті. Бала мектепке бармаса да, мектеп өзі қызмет көрсететін микроауданда өмір сүріп жатқан сондай балаларды анықтауға күзіретті. Сондықтан да тек мектеп әлеуметтік қауіпті жағдайға тап болған балаларды анықтауды толығырақ қамтамасыз ете алады.

Әлеуметтік педагогтің жұмысының әрбір анықталған құрағышы өздерінің әлеуметтік-педагогикалық технологияларымен қамтамасыз етілуі керек. Оларды екі топқа бөле аламыз:

- ұйымдастырушылық әлеуметтік-педагогикалық технологиялар;
- жеке жұмыстың әлеуметтік-педагогикалық технологиялары.

Ұйымдастырушылық әлеуметтік-педагогикалық технологиялар. Жалпы олар «Қиын топтағы» балаларды анықтау, олардың мәселелерінің диагностикасы, жеке және топтық жұмыс бағдарламаларын жасау және оларды жүзеге асыру шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік педагогтің жұмысының осы функционалдық бағыттары әлеуметтік-педагогикалық технологияның қажет кезеңдері мен құрағыштарын қамтамасыз етеді.

1. «Қиын топтағы» балалар мен жасөспірімдердің деректер банкіні құру. Бұл функция әлеуметтік педагогтің қызметінде басты қызмет болып табылады, себебі ол кәмелетке толмағандардың мәселелерін шешуші әртүрлі құрылымдардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыруға көмектеседі. Біртұтас деректер банкіні құру бастамасы әлеуметтік педагогке тиесілі болып, және кәмелетке толмағандардың құқықтарын бұзушылықтың алдын алу бөлімдерінің инспекторлары, ішкі істер органдарының учаскелік инспекторлары, қамқоршылық, әлеуметтік

қорғау, денсаулық сақтау органдарының өкілдері мен кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссиямен бірлесе жүзеге асырылуы керек. Біртұтас деректер банкіне білім беруші ұйымның микроауданында өмір сүріп жатқан (онда оқитын да, оқымайтын да) балалар мен жасөспірімдер туралы ақпарат енгізіледі:

- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққандар;
- қараусыз немесе панасыз қалғандар;
- қаңғыбастық немесе қайыр тілеушілікпен айналысатындар;
- кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік қайта оналту орталықтарында; әлеуметтік баспаналарда; ата-ана қарауынсыз қалған балаларға көмек орталықтарында; арнайы оқу-тәрбиелік және басқа да әлеуметтік көмек және қайта оңалтуды қажет ететін кәмелетке толмағандарға арналған ұйымдарда тұрақтағандар;
- дәрігердің кеңесінсіз есірткелік немесе психотропты заттар, не болмаса есеңгірететін заттар қабылдайтындар;
- әкімшілік жазалау шараларын қолдануға алып келетін құқық бұзушылық жасағандар;
- әкімшілік жауапкершілік күшіне енетін жасқа дейін құқық бұзушылық жасағандар;
- рақымшылық актісінің салдарынан немесе жағдайдың өзгеруіне байланысты, сонымен қатар кәмелетке толмағанды түзету тәрбиелік бағыттағы мәжбүрлі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырыла алатындығы мойындатылған кездерде қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандар;
- қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасына жетпеуіне байланысты немесе психикалық ауытқуларға байланысты емес психикалық дамуындағы артта қалушылық салдарынан қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтындар;
- түрмеге жабуға қатысы жоқ алдын алу шаралары қолданылған қылмыстарға кінәлі немесе күмәнділер;
- жазасын өтеуді кейінге қалдырған немесе үкімнің орындалуын кейінге қалдырғандар;
- кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алу шаралары бөлімінде тіркеуде тұрғандар;
- мектепішілік тіркеуде тұрғандар;
- кәмелетке толмағандар ісі бойынша комиссияның тіркеуінде тұрғандар.

Деректер банкін құруда келесі позициялар анықталады:

- тіркеуге тұрғызудың негіздемелері қандай;
- жасөспіріммен қандай құрылымдар жұмыс жасайды;
- мәселені шешу үшін қандай жұмыс жүргізілуде;
- осы мәселені шешу үшін тағы қандай шаралар қолдануға болады;

- негіздемелері бар, бірақ тіркеуге тұрғызылмаған балалар жоқ па.

Жұмыстың осы кезеңінде әлеуметтік педагог балаларға көмек көрсететін әртүрлі ұйымдардың лауазымдық, кейде формалды өзара әрекеттестігінің зерттеушісі және ұйымдастырушысы ролін атқарады. Деректер банкін құра отырып, маман баланың құпиялық қағидағтарын сақтайды, ақпаратты қызметтік мақсатта ғана пайдаланады. Деректерді жинай отырып, әлеуметтік педагог балалар мен жастар мәселесін, олар тап болған оқиғаларды дифференциациялап, кәсіби адаптацияның қажетті элементін – балалар мәселелерін эмоционалды қабылдау және уайымдауды игереді.

2. Әлеуметтік педагогтің жұмыс саласына кіретін балалар мен жасөспірімдердің жеке және әлеуметтік мәселелерінің диагностикасы. Бұл функция деректер банкіне мағлұматы келіп түскен әр баланың әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау үшін қажет. Ол үшін әлеуметтік педагог бала өмір сүріп жатқан жағдайды анықтау мақсатымен баламен, сынып жетекшісімен, мұғалімдермен, ата-анамен жұмыс жасайды.

Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалар - әлеуметтік әлсіз топ. Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Мүмкіндігі шектеулі балалар – физикалық және (немесе) психикалық кемшіліктері бар, туа біткен, тұқым қуалаушылық, қалыптасқан аурулардан немесе бекітілген тәртіпте анықталған жарақаттар салдарынан өмір әрекеті шектеулі балалар.

«Дамуында ауытқулары бар балалар» терминіне физикалық және психикалық ауытқушылығы жалпы дамуының бұзылуына әкеп соғатын балалар жатады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте арнайы білім беру жүйесіне жататын балалар санатына қатысты бірнеше ұғым қолданылады.

Дамуында ауытқулары бар балалар – орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымы салдарынан және түрлі анализаторлардың (есту, көру, қозғалу, сөйлеу) бұзылуы салдарынан физикалық және психикалық дамуда қалып қалған балалар. Дамуында ауытқулары бар балалар – жоғарыда аталған ауытқушылықтары бар балалар, бірақ олардың көрініс беру деңгейі олардың мүмкіндігін дамуында бұзушылығы бар балалардікінен қарағанда аз дәрежелде шектейді.

Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар – дамуындағы ауытқулары оларға әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақыларды қолдану мүмкіндігін ұсынатын балалар. Мұндай балаларды үнемі

мүгедек балалар деп атайтын. Қазір психологиялық-педагогикалық әдебиетте, сондай-ақ «проблемалы балалар» термині жиі қолданылады.

Мұндай ауытқулардың педагогикалық классификациясының негізінде бұзушылығы бар балалардың дамуға деген ерекше білім беру қажеттілігінің сипаттамасы және ауытқу деңгейі жатыр.

Бұл ретте дамуында ауытқулары бар балалардың келесі санаттары ажыратылады:

- 1) есту бұзушылығы бар балалар (саңырау, әлсіз еститін, кеш кереңденген);
- 2) көру бұзушылығы бар балалар (соқыр, әлсіз көретін);
- 3) сөйлеу бұзушылығы бар балалар;
- 4) ақыл-ой бұзушылығы бар балалар (ақыл-есі кем балалар);
- 5) психикалық-сөйлеу дамуында (ПСД) кедергісі бар балалар;
- 6) тірек-қимыл аппаратында бұзушылықтары бар балалар;
- 7) эмоционалды-ерік саласында бұзушылықтары бар балалар;
- 8) көптеген бұзушылықтары бар балалар (2 немесе 3 бұзушылықтың болуы).

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар аурудың, дамудағы ауытқушылықтың немесе кемшіліктің, денсаулық жағдайының, сырт келбетінің нәтижесінде, сыртқы ортаның олардың ерекше қажеттіліктеріне бейімделмеуі, қоғамның мүгедектерге қатысты сыңаржақ көзқарастары салдарынан функционалдық қиындықтарға ие.

Адамдарда мүмкіндіктердің шектелуіне қатысты қазіргі көзқарастар патологиялық жағдай ретіндегі ұғымға емес, дене бітімінің, ағза функцияларының бұзушылықтары немесе қоршаған орта жағдайлары адамның белсенділігін төмендететін және оның әлеуметтік іс-әрекетін қиындататын процесс ретіндегі ұғымға негізделеді. Шектелген мүмкіндіктердің себептері нақты балаға, жасөспірімге немесе ересек адамға қажет білім беру бағдарламаларының, медициналық және әлеуметтік қызметтердің кемшілігі немесе жетілмеушілігі болуы мүмкін.

Өмір әрекеті мүмкіндіктері шектелген дамуға қатысты қоғамдық санадағы модельдер.

Адамзат өркениетінің даму тарихында қоғамның өмір әрекетінің мүмкіндігі шектеулі адамдарға қарым-қатынасы олармен қарым-қатынас жасау түрінде, мәнерінде көрініс тапты.

«Ауру адам» аталмыш модельге сәйкес мүмкіндігі шектеулі тұлғалар – ауру адамдар. Бұл адам емдеу нысаны ретінде қарастырылады дегенді білдіреді.

Бұл адамдарға медициналық қызмет көрсетудің маңызын жоққа шығармай, білім беру өрісі контекстінде шектеулі мүмкіндіктер табиғаты оқытудағы және әлеуметтенудегі қиындықтармен байланысты екенін көрген жөн.

Сондықтан мұндай тұлғаларға арналған білім беру бағдарламалары тек күту мен емдеуді ғана емес, сондай-ақ оқыту мен дамытуды да қарастыруы қажет.

«Адам емес» моделі. Бұл модельде дамуында ауытқушылығы бар адам өз деңгейінде жануарға жақындайтын толық емес жан ретінде қарастырылады. Мұның салдары өмірдің гуманды емес жағдайларын жасау және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қатысты гуманды емес қарым-қатынасты қолдану болды.

«Қоғамға қауіп» моделі. Дамуында ауытқушылығы бар тұлғалардың кейбір санаттары (ақыл-есі кемдер, саңыраулар, психикалық аурулары бар тұлғалар) қоғамға қауіп төндіреді деп есептелді. Надандық бұл адамдар ауру көзі ғана емес, сондай-ақ «көз тигізуі», «бақытсыздық әкелуі», материалды және моральды шығын келтіруі мүмкін деген пікірлерді туғызды. Осының салдарынан қоғам өзін осы әлеуетті «қатерден» қорғау үшін іс-шаралар қабылдады, көп жағдайда қоғамдық орындардан жырақта, кейде күтіп-ұстау режимі қатаң интернаттар, жабық ұйымдар құрды. Бұл жағдайда оқыту не болмады, не жеткіліксіз болды.

«Мүсіркеу нысаны» моделі. Бұл модель адам тұлғасының дамуына, оның өзін өзі іске асыруға деген талпынысына бұзушылық әсер етеді. Бұл модель аясында мүмкіндігі шектеулі адамға өспейтін, өмір бақи бала күйінде қалатын кішкентай балаға қарағандай қарайды. Мұндай модельдегі басты міндет мүмкіндігі шектеулі адамды білім беру мен дамытуда көмекпен қамту арқылы емес, оны қоғамнан алыстату, жайлы өмір сүру ортасын жасау арқылы «жаман» қоршаған әлемнен қорғау түрінде көрінеді.

«Ауыртпалықты қайырымдылық нысаны» моделі. Бірқатар әлем елдеріндегі қиын экономикалық жағдайлар мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қатысты жағымды экономикалық саясатты өзгертпей ұстап тұруға мүмкіндік бермейді. Оларды күтіп-ұстауға кететін шығындар экономикалық ауыртпалық ретінде қарастырылады, ол ауыртпалықты көрсетілетін көмек көлемін қысқарту арқылы азайтуға талпынады.

«Даму» моделі. Бұл модель мүмкіндігі шектеулі тұлғаларда білім алуға және дамуға қабілеттердің бар екенін шамалайды. Бұл модельге сәйкес қоғам мүмкіндігі шектеулі баланың барынша толық дамуына жауапты; қоғамға мұндай балаларды дамыту және оларға коррекциялық-педагогикалық көмек көрсету үшін жағымды жағдай жасау міндеті қойылады. Мүмкіндігі шектеулі адам аталмыш модельге сәйкес қоғамның қалған барлық мүшелерінде бар құқықтар мен артықшылықтарға ие: өмір сүру, оқу, өз жерінде еңбек ету, өз үйінде тұру, дос таңдау және олармен дос болу құқығы, қоғамның қалаулы мүшесі болу құқығы.

Арнайы білім берудің дамуына жасалған талдау XX ғасырдың 90-

шы жылдары денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктірілген оқыту идеясы басым бағыт ретінде ұсынылатынын көрсетеді.

Білім беру жүйесінде интеграция денсаулығының мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін минимальды шектеуші балама (яғни, таңдау) мүмкіндігін білдіреді: арнайы (коррекциялық) білім беру ұйымында білім алу немесе тең мүмкіндікте, білім беру ұйымында. Интеграция тұжырымдамасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға бұқаралық жалпыға білім беретін мектептер жағдайларында оқу мүмкіндігін берді.

Инклюзивті (қосылған) білім беру – денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға жалпы білім беретін мектептерде оқыту процесін сипаттау үшін қолданылатын термин.

Инклюзивті білім беру (фр. *Inclusif* – өзіне қосатын, лат. *Include* – түйіндеймін, қосамын) – білім берудің баршаға қолжетімділігіне, барлық балалардың түрлі сұраныстарына икемделуіне негізделген жалпы білім берудің даму процесі, ол ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған білімге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Оның негізіне оқушылардың кез келген кемсітушілігін жоққа шығаратын, бірақ сол ретте ерекше білім сұраныстары бар балаларға ерекше жағдайлар жасайтын идеология жатқызылған. Бұл теория барлық балалар толыққанды оқи алады, ал олардың айырықша ерекшеліктері құрметке лайық дегенді мойындайды.

Л.С. Выготский денсаулығының мүмкіндігі шектеулі баланың дамуы қалыпты балалар қоғамынан ерекшеленбейтін оқыту жүйесін құру қажеттілігі туралы атап көрсеткен болатын. Ол дамуында бұзушылықтары бар баланы тәрбиелеудегі міндеттер оны әлеумет өміріне қосу және оның кемшілігін қандай да бір басқа жолмен өтеуді іске асыру болып табылады деп санады.

Инклюзивті білім беру балаларға бағытталған және барлық балалар оқытуда түрлі сұраныстары бар жеке тұлғалар екенін мойындайтын әдістемені дамытуға талпынады.

Инклюзивті білім беру оқытуда түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыруға барынша икемді болатын оқытудың амал-тәсілін әзірлеуге талпынады. Егер оқыту мен білім беру инклюзивті білім беру енгізетін өзгерістер нәтижесінде барынша тиімді болса, онда барлық балалар ұтады (ерекше сұраныстары бар балалар ғана емес).

Инклюзивті білім берудің сегіз принципі:

адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістігіне байланысты емес;

кез келген адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

кез келген адамның қарым-қатынас жасауға және тыңдалуға құқығы бар;

барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;
шынайы білім беру тек нақты өзара қарым-қатынас контекстінде
іске асырылуы мүмкін;

барлық адамдар тетелестерінің қолдауына және достығына зәру;
барлық оқушылар үшін прогреске жету олардың жасай
алмайтындарынан емес, жасай алатындарынан көрінеді;
әртүрлілік адам өмірінің барлық қырын күшейтеді.

Осылайша, инклюзия – бұл қолжетімді білім беру ұйымдарында
әркім үшін барынша қолжетімді білім берудің даму процесі, барлық
оқушылардың адекватты мақсаттарын қою арқылы оқыту процестерін
қалыптастыру, әр оқушыны барынша қолдау және оның әлеуетін
барынша ашу үшін түрлі кедергілерді жою процесі.

Ел дамуының қазіргі кезеңінде қоғамдық сана денсаулық
мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қатысты біртіндеп радикалды
өзгерістерді басынан кешіруде.

Көбінесе «мүмкіндігі шектеулі адамдар» деп ғылыми әдебиетте
күнделікті өмір әрекетінде физикалық, психикалық немесе сенсорлық
ақаулармен байланысты қандай да бір шектеулері бар адамдарды ұғыну
қалыптасқан.

Әлеуметтік жұмыс бойынша сөздікте мүмкіндігі шектеулі адам
«ерекше физикалық немесе психикалық жағдай немесе кемшілік
салдарынан белгілі бір міндеттерді немесе функцияларды орындауға
қауқарсыз адам. Мұндай жағдай уақытша немесе созылмалы, жалпы
немесе жекелей болуы мүмкін» деп анықталады.

Қазіргі уақытта Жер шары тұрғындарының әрбір оныншысы,
яғни **500 млн. астам адам** физикалық, психикалық немесе
сенсорлық ақауларға байланысты күнделікті өмір әрекетінде қандай да
бір шектеулерге ие. Олардың ішінде **150 млн. астамы балалар**. Әрбір
төртінші отбасы қалай да болса мүгедектік мәселесімен тап келеді.

Әлемнің көптеген елдерінде мүгедектіктің өсімі өндірістік
процестердің қиындауымен, көлік ағынының ұлғаюымен, әскери
жанжалдармен, экологиялық жағдайдың нашарлауымен, зиянды
әдеттердің (темекі тарту, алкоголь, есірткі, уытты заттар қолдану)
айтарлықтай таралуымен және басқа себептермен байланысты.

Дамыған өркениетті елдер мүмкіндігі шектеулі тұлғалар санының
өсуіне байланысты әлеуметтік мәселелерді ғылыми амал-тәсіл негізінде
шешуге тырысады, материалдық-техникалық құралдарды, түбегейлі
әзірленген заңгерлік тегершіктерді, жалпыұлттық және қоғамдық
бағдарламаларды, мамандарды кәсіби дайындаудың жоғары деңгейін
қолданады.

Дей тұрғанмен, қолға алынып жатқан шараларға және
медицинаның айтарлықтай прогресіне қарамастан, мүмкіндігі шектеулі
тұлғалардың саны ақырындап, бірақ тұрақты өсіп барады. Айталық,

арнайы оқытуға мұқтаж балалар жыл сайын **3-5%-ға** көбейеді.

Дамуында ерекшеліктері бар балалар іс-әрекеттің сан алуан түрінде көптеген шектеулерге ие. Олар дербес емес және үнемі ересек адамның сүйемелдеуіне мұқтаж. Олар кең байланыстардан, кәдімгі балада бар өзге құрдастарынан тәжірибе алу мүмкіндігінен айырылған. Олардың іс-әрекеттің сан алуан түрлеріне деген уәждемелері және дағдылану мүмкіндіктері қатты шектелген. Қоршаған әлемді игерудегі қиындықтар мұндай балаларда эмоционалды мәселелердің (қорқыныш, үрей және т.б.) тууына әкеп соғады. Көп жағдайда әлем оларға үрейлі және қауіпті болып көрінеді. Мысалы, ойын кезіндегі кәдімгі балаларда болатын өз сезімдерін көрсетудің мүмкін еместігі эмоциялық күйзелістің ұлғаюына әкеп соғады, оның салдарынан жүріс-тұрыс мәселелері туындайды. Бұл баланың дамуында күрделі кедергіге айналады. Сондай-ақ, баланың танымдық белсенділік деңгейіне байланысты екенін атап көрсеткен жөн, ал даму ерекшеліктері бар балада жеке белсенділігі төмен. Оған билер, жаттығулар, шаңғы серуендері, жаяу серуендер және физикалық жүктеменің басқа түрлері қажет, міне осылар бала белсенділігінің жалпы деңгейін көтереді, ағза тонусына оң әсер етеді, шығармашылық белсенділікті ширатады.

Шығармашылық – бұл өзін қазіргі әлемде, түрлі өмірлік жағдайларда көрсетуге мүмкіндік беретін тұлғаның өзін өзі табысты іске асыруының міндетті шарты. Балаларды шығармашылық іс-әрекетке тарту қажет, неғұрлым ерте болса, соғұрлым жақсы. Өзін шығармашылық іс-әрекетке итере отырып, адам өзгереді, жетіледі. Шығармашылық іс-әрекетке деген қабілет табысқа жетелейді, ол өз кезегінде шығармашылық процеске қызығушылықты қолдайды.

Денсаулының мүмкіндігі шектеулі (ДМШ) балаларда шығармашылық қабілеттерді дамыту норма болып табылады және оның дамуындағы деформацияға (физикалық кемшіліктер, ақыл-естің кемдігі) байланысты емес.

Дамуында ерекшелігі бар баланы көркем шығармашылық құралдарымен әлеуметтендіру баланы қоршаған әлемді образды қабылдау және түсіну саласына тарту және үйрету процесі ретінде ұғындырылады. Баланы қоршаған әлемді образды қабылдау және түсіну саласына тарту деңгейі оның әлеуметтенуінің басты бір факторы болып табылады, оның процесі кезінде тиісті образды әсер ету арқылы бала санасының даму фактісі маңызды мәнге ие болады.

Шығармашылық іс-әрекетке қатыса отырып бала қызығушылықтан, нақты дағдылар алу арқылы, ксіби өзін-өзі анықтауға дейінгі жолды жүруі мүмкін. ДМШ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, олардың әлеуметке табысты бейімделуі үшін жағдайлар жасаймыз.

Мұндай санаттағы балалармен жұмыста педагог-психологтардың ұсыныстарын ескерген өте маңызды (У. Глассер, Р. Кэмпбелл, М. Максимов, В. Сатир және басқалар).



1. Әңгімені мақтаудан бастау.
2. Қателіктерге тек жанама түрде назар аудару.
3. Сынамау және қателіктер туралы еске ала отырып ескертулер жасамау.
4. Балаларға басқалардың көзінше бедел сақтауға мүмкіндік беру.
5. Бұйырмау, тек сұрақтар қою.
6. Әрбір сәттілікке орай қолдау білдіру.
7. Балаларға жақсы абырой жасау.
8. Балаларды ұдайы ынталандыру, кез келген қателікті оңай түзетілетіндей ету.
9. Бала сіз оған ұсынған әрекетті қуана жасайтындай болуға талпыну.

Қабілеттерді дамытудың басты шарты қандай? Міндетті, басты шарт ретінде – ақыл-ой әрекетінен қанағат алу, жарқын көрініс тапқан оң эмоциялар болуы тиіс. Бала ақыл-ой іс-әрекетінің өзінен қуаныш, қанағат алуы тиіс. Егер бұл болмаса, және бала ақыл-ой іс-әрекетін кез келген басқа уәжбен жасаса, мысалы, мойынсұнудан, мақтау алу тілегінен, жазадан қорқудан, онда бала мұндай жолмен, әрине, білім алады, бірақ қабілетке бұның ешқандай қатысы болмайды.

Балалар шығармашылығының өзіндік ерекшелігі бар. Көп жағдайда ол бағдарлы-зерттеу іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Онда баланың қоршаған әлемге деген өзінің қарым-қатынасын, өзінің әлемді сезінуін сөзбен айтуға, суреттің, әңгіменің, конструкцияның және басқалардың мазмұнында өз әсерлерін, сезімдерін, көзқарасын және т.б. беруге талпынысы көрініс табады.

Балалар шығармашылығы ойынмен тығыз байланысты және олардың арасындағы шекара әрдайым анық емес, мақсатқа байланысты – шығармашылықта жаңаны іздеу және түйсіну көбінесе мақсат секілді саналы, ойында әу бастан мұны қарастырмайды.

Осыған байланысты қосымша білім беру ұйымдарының сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды бала түрлі рольдерді – конструктордың, суретшінің рольдерін атқаратын ойынның бөлшегі

ретінде қолдану керек.

Бала шығармашылық іс-әрекетке қатыса отырып, қызығушылықтан нақты дағдылар алу арқылы кәсіби өзін-өзі анықтауға дейінгі жолды жүруі мүмкін, бұл да табысты әлеуметтену үшін маңызды. Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, қосымша білім беру әлеуметтік ортаға сәтті бейімделу үшін жағдайлар жасайды.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Мектептен тыс жұмыс орталығы тәжірибесінен

Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың шығармашылық мәдени-әлеуметтік іс-әрекеті



2010 жылдан бері Орал қаласының Мектептен тыс жұмыс орталығы ДМШ балалар үшін кедергісіз орта құру режимінде жұмыс істейді. Соңғы бес жыл ішінде Орталық ерекше қажеттілігі бар 100-ден астам балаға және олардың ата-аналарына қызмет көрсетті.

ДМШ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша қызмет келесі формаларда жүреді:

үйірме жұмысы;

ертегі терапиясы;

«Сенім көпірі» психологиялық тренингтері;

«Өмір – кемпірқосақ» психологтың топтық сабақтары;

психологтың, әлеуметтік педагогтің жеке, топтық консультациялары;

дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ бойынша спорттық турнирлер;

бос уақыт іс-шараларына қатысу: акциялар, сәндік-қолданбалы, бейнелеу шығармашылығы көрмелері, балалар шығармашылығының, «Мөлдір бұлақтан...», «Әкем, анам, мен – тату отбасы» отбасы шығармашылығының фестивалі;

балалардың республикалық «Жұлдызай» конкурсының қалалық және облыстық кезеңдеріне қатысуы.

Балалардың осы санатымен тікелей жұмыс істейтін мамандар үшін (әлеуметтік еңбеккерлер, педагогтер, психологтар, логопедтер, дефектологтар) ай сайын оқыту семинар-практикумдары жүргізіледі.



Инклюзивті білім беру кеңістігіне денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларды қосу Орталыққа «Достық алаңы» балалар және жастар қоғамдық бірлестігімен (БЖҚБ) бірге «Сорос Қазақстан» «Бота» ОФ-ның қаржылық қолдауымен «На пути к мечте!», «Первые шаги к инклюзивной школе» әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысуға мүмкіндік берді.

«Достық алаңы» БЖҚБ 2011 жылы Мектептен тыс жұмыс базасында құрылған болатын, оның құрамына Мектептен тыс жұмыс орталығының «Орал қаласы балалар бірлестіктері көшбасшылар мектебінің» педагогтері, тәрбиеленушілері енді.



Жастар ұйымы ДМШ балалар үшін кедергісіз ортаны құру және дамыту үшін гранттық қаржыларды тарту мақсатында құрылған.

Жобаның идеясы: аталмыш санаттағы балалар үшін оқытудың вариативті формаларын ұсыну арқылы инклюзивті білім беру кеңістігін құру.

Жоба бойынша іс-әрекет

Әлеуметтік жобалар аясында 6 пандус орнатылды, үйірмелік сабақтарды өткізу үшін көркемдік материал сатып алынды.

2011-2013 жылдары ДМШ балаларды үйірмелер сабақтарына, секцияларға және бұқаралық іс-шараларға тасымалдау үшін көлік жалға алынды.

Орталықтың инклюзивті ортада ерекше балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша қызметі 2014-2015 жылдары жалғасты. Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында 2014 жылғы 15 мамырдан 30 мамырға дейін Мектептен тыс жұмыс орталығында «Тілек ағашы» қайырымдылық акциясы өткізілді.



Біздің тәрбиеленушілер, «На пути к инклюзивной школе» жобасының қатысушылары өздерінің асыл армандары туралы хаттар жазып, хаттары бар конверттерді ағашқа іліп қойды. Ерекше балалардың тілектерін орындауға жеке кәсіпкерлер, Орал қаласының бизнесмендері көмектесті. Сал ауруы диагнозы бар Дамир Ананьин (9 жаста) сыйлыққа спорттық костюм және ортопедиялық аяқ киім алды, «Айя» сән үйі тәрбиеленушілерге стильденген концерт көйлектерін сыйлады. Саша Осинковаға (7 жаста) «Талап» ЖШС мүгедек балаға арналған серуен арбасын сыйлады. «Тілек ағашы» акциясына қатысқан барлық

балалардың тілектері орындалды.

Орталықтың еріктілері мен педагогтері 2015 жылғы 25 сәуірде «Кітап – ерекше қажеттілігі бар балаларға сыйлық» қайырымдылық акциясын өткізу бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде тірек-қимыл аппаратының бұзушылықтары бар 70-тен астам бала және олардың ата-аналары дені сау құрдастарымен тең дәрежеде «Моншақ тоқу», «Бейнелеу өнері», «Сәндік-қолданбалы шығармашылық», «Вокал», «Хореография», «Компьютерлік сауат», «Жас ақын мектебі» үйірмелеріне, «Көшбасшылар мектебі» клубтары, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ бойынша секцияларға барады. Балалар Орталықтың барлық іс-шараларына, қалалық және облыстық деңгейлердегі фестивальдарға және конкурстарға белсенді қатысады. Балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыстың аталған формалары Орталықтың педагогикалық ұжымына мүгедек балалар мәселесіне деген бар әлеуметтік және педагогикалық тапшылықты толтыруға және оларды тәрбиелеу мен оқытуды айтарлықтай оңтайландыруға мүмкіндік берді. Орталық жұмысы тәжірибесінен мүгедектігі бар балалар кәдімгі балалар сияқты қабілетті және дарынды екені анық болды.



Орал қаласының Мектептен тыс жұмыс орталығы өз тәрбиеленшілеріне шығармашылық әлемінің қақпасын ашты. Ерекше роль педагогтердің балалардың отбасыларымен, ата-аналарымен серіктестігіне тиесілі, сондықтан Орталық қызметінің маңызды бағыты әлеуметтік педагогтердің ата-аналармен жұмысы болып табылады. Ата-аналарда ерекше балаларды тәрбиелеу және оқыту ерекшеліктері туралы нақты түсінік болуы тиіс, бұл баланың шектелген мүмкіндіктерінің ықтимал теріс әлеуметтік және педагогикалық салдарларының алдын алу немесе азайту үшін керек. Ата-аналар тек емдеудің ғана емес, сондай-ақ оқытудың да қажеттілігін неғұрлым ерте түйсінсе, соғұрлым олар үлкен табысқа жетеді. Орталық бос уақыт және жеке білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы ДМШ балалардың танымдық және эстетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік берді, баланың шығармашылық қабілеттері туралы танымды кеңейтті, таңдалған қызмет саласындағы ары қарайғы



табысты қамтамасыз етті, жаңа қарым-қатынас шеңберін қалыптастырды, шығармашылық іс-әрекетке тек баланы ғана емес, сондай-ақ оның жақын айналасын тартуға септесті.

Денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивтік білім беру: шетел тәжірибесі. Қазақстандағы инклюзивтік білім беру

Денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру жүйесіндегі тең құқығын іске асырудың бастамашысы Біріккен Ұлттар Ұйымы болып табылады, аталмыш ұйым мемлекеттер мен үкіметтердің жіті назарын балалардың аталмыш санатының сапалы және қолжетімді білім алуға деген құқықтарын қамтамасыз ету мәселелеріне аударып келеді.

1948 жылдан бері білімге деген жалпыға бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін нормативтік база болып табылатын бірқатар халықаралық заңнамалық құжаттар қабылданды. Алайда, денсаулығының мүмкіндігі шектеулі баланың білімге деген құқығы жарияланған бұрынғы бастамаларда олардың қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін қанағаттандыру және дамыту мәселесі тұтас алғанда символикалық принцип ретінде қарастырылды.

Әлемнің бірқатар елдерінде шамамен 1970 жылдардан бастап мүгедектердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге септесетін нормативтік актілер пакетін әзірлеу және енгізу жүргізілді. АҚШ пен Еуропаның қазіргі білім беру саясатында бірнеше амал-тәсіл дамыды, оның ішінде: білімге қолжетімділікті кеңейту {widening participation), мейнстриминг {mainstreaming), интеграция, инклюзия, яғни қосу (inclusion). Мейнстриминг мүгедек оқушылар өз құрдастарымен мерекелерде, түрлі бос уақыт бағдарламаларында араласатынын көздейді; егер олар бұқаралық мектеп сыныптарына қосылса да, білім беру мақсаттарына жету үшін емес, ең алдымен әлеуметтік байланыстар мүмкіндіктерін кеңейту үшін қосылады. Интеграция психикалық және физикалық бұзушылықтары бар балалар қажеттіліктерін жалпы өзгеріссіз, олар үшін бейімделмеген түрде қалатын білім беру жүйесіне сәйкес келтіру дегенді білдіреді; мүгедектігі бар балалар бұқаралық мектепке барады, бірақ міндетті түрде қалған балалар сияқты сол сыныптарда оқымайды. «Қосу» немесе «инклюзия» – төмендегіше түсіндірілетін барынша дәл келетін термин: бұл мектептерді реформалау және оқу орынжайларын барлық балалардың қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап беретіндей етіп қайта жоспарлау.

Мүгедек балалар, жастар мен ересектер үшін бастауыш, негізгі,

орта және жоғары білім саласындағы тең мүмкіндіктерді анықтаудағы маңызды құқықтық құжат 1993 жылғы 20 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған «Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері» болып табылады. 6-шы ереже мемлекеттерді «арнайы оқу орындары жүйесін біртіндеп жалпы білім беру жүйесіне интеграциялауға талпынуға» шақырады.

1994 жылы Испанияда (Саламанка қ.) өткен Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша дүнижүзілік конференция әлемдік педагогикалық қауымдастық үшін жарқын оқиға болды. 92 үкіметтің және 25 халықаралық ұйымның өкілдері қабылдаған «Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы принциптер, саясат және практикалық іс-әрекет туралы Саламанка декларациясы» негізгі халықаралық құжаттардың бірі болып табылады. Педагогикаға «инклюзия» термині енгізілді және инклюзивті білім берудің принципі жарияланды. Аталмыш құжаттың құндылығы сол, онда инклюзивті білім беру саласындағы заңнамалық бастамаларды ұсыну және жалғастыру принциптері жазылған. Инклюзивті білім беру денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балалардың кәдімгі білім беру мекемесіне белсенді қосылуын және қатысуын ғана қарастырмайды, сондай-ақ барлық санаттағы балалардың білім қажеттіліктерін іске асыру үшін жағдайлар жасау мақсатында бұқаралық білім беру жүйесін және оқу-тәрбие процесін қайта құруды көздейді.

Кейін Дакар шекті іс-әрекет тұжырымдамасының (Dakar Framework for Action), Білім берудегі мыңжылдық даму мақсаттарының (Millennium Development Goals on Education) қабылдануы 2015 жылға дейін баршаны білім берумен қамтуды көздеген барынша толық әрі заманауи амал-тәсілдерді қарастырады.

Зерттеулер көрсеткендей, денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивті білім беру процесі әлемнің түрлі елдерінде олардың мәдени-әлеуметтік және саяси ерекшеліктерін есепке ала отырып іске асырылады. Барлық елдер үшін тарихи даму процесінде денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беру жүйесі балалардың аталмыш санатын «жалпыға ортақ дегенерация қаупі» ретінде қабылдау және оқшаулау позициясынан инклюзия позициясына дейінгі жолды жүріп өтті деген ереже ортақ болып табылады. Және бірінші кезекте бұл денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі адамдарға, әсіресе, балаларға қатысты қоғам идеологиясының қайта өзгеруіне байланысты, оның құжаттық куәсі ХҮІІІ ғасырдан бастап-ақ балалардың аталмыш санатының білім алуға деген құқығын қамтамасыз ететін бірқатар заңнамалық актілердің қабылдануы болып табылады.

Қазіргі кезеңде арнайы мектептер мен интернаттар сегрегациялық

болып танылады. Осыған орай ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «жалпы ағынға қосу» немесе интеграция типі бойынша білім беру жүйесі дамып келеді. ЮНЕСКО сарапшылары арнайы білім беру бойынша кеңесте (1980) былай дейді: «бастысы – мүгедектердің қоғамға барынша интеграциялануына септесу. Олай болмаған жағдайда қажетсіз құбылыстар және психологиялық кедергілер туындайды». Мүгедектер үшін кедергісіз әлем туралы, мәселелері бар балалар жалпы білім беретін мекемелерге интеграциясы туралы идеялармен қанаттанған қоғам арнайы мектептер санын қысқартуды және оқушылардың айтарлықтай бөлігін жалпы білім беру ортасына ауыстыруды, бұрын оқытылмайтын ақыл-есі барынша кем балаларға арналған сыныптар ашуды қалайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге деген тең құқықтарын іске асыру және олардың әлеуметтік бейімделулері үшін балалардың ерекше қажеттіліктерін есепке ала отырып жағдайлар жасалуда, арнайы білім берумен қатар инклюзивті білім беру саясаты іске асырылып жатыр.

Инклюзия идеяларын іске асыру бүкіл әлемдегі заманауи мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық міндеті болып табылады.

«Бала құқықтары туралы» конвенция (1989) ақыл-ой немесе физикалық тұрғыда кемтар баланың ерекше қамқорлыққа, білімге қолжетімділікпен қамтылуға, еңбек іс-әрекетіне кәсіби дайындалуға, медициналық қызмет алуға, денсаулығын қалпына келтіруге және т.б. құқықтарын анықтайды.

Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру саласындағы принциптер, саясат және практикалық іс-әрекет туралы Саламанка декларациясына сәйкес (Саламанка, Испания, 7-10 маусым, 1994 ж.):

әрбір бала білім алуға негізгі құқыққа ие, лайықты білім деңгейін алу және ұстап тұру мүмкіндігіне ие болуы тиіс;

әрбір бала бірегей ерекшеліктерге, қызығушылықтарға, қабілеттерге және оқу қажеттіліктеріне ие;

білім беру жүйелерін әзірлеп, білім беру бағдарламаларын осы ерекшеліктер мен қажеттіліктердің кең әртүрлілігін қаперге ала отырып орындау қажет;

білім беру саласында ерекше қажеттіліктерге ие тұлғалар кәдімгі метептерде оқуға деген рұқсатқа ие болуы тиіс;

кәдімгі мектептер ең алдымен балаларға олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бағытталған педагогикалық әдістер негізінде оларға жағдай жасаулары тиіс.

Осылайша, осындай инклюзивті бағдары бар кәдімгі мектептер дискриминациялық көзқарастармен күрестің, жағымды атмосфера жасаудың, инклюзивті қоғам құрудың және барлығын білім берумен

қамтудың барынша тиімді құралы болып табылады; мұнымен қоса, олар балалардың көпшілігін нақты білім берумен қамтиды.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды бірлесе оқыту және тәрбиелеу, оқушылардың басқа санаттарының тиісті білім беру оқу бағдарламаларына деген тең қолжетімділігін, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы коррекциялық-педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік қолдауды қарастырады (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (14.01.2014 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толқтырулармен).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2004 жылы денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен әлеуметтік бейімделу және кәсіби оңалту республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы Коррекциялық педагогиканың ұлттық ғылыми-зерттеу орталығы болып қайта құрылды, онда арнайы білім беруді дамыту және инклюзивті білім беруге көшу, арнайы оқу бағдарламаларын, оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіледі.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту – 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасының басым бағыттарының бірі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білімге тең құқық алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген. Елімізде мектеп жасына дейінгі 15 мыңнан астам бала тәрбие алатын 39 арнайы балалар бақшасы және 315 арнайы топ, шамамен 25 мың мектеп оқушысы оқитын 106 арнайы мектеп және жалпы білім беретін мектептер жанынан 1219 арнайы сынып жұмыс істейді. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларға коррекциялық-педагогикалық қолдауды 17 оңалту орталығы, 133 психологиялық-педагогикалық коррекция кабинеті, 558 мектеп жанындағы логопедтік бекеттер көрсетеді.

Республикада 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі 138 513 бала бар, бұл жалпы балалар санының 2,8%-ын құрайды. Оның ішінде мектеп жасындағы балалар – 93 740, мектепке дейінгі жастағы балалар – 44 773 бала. Арнайы оқу бағдарламалары бойынша 62 мыңнан астам оқушы, арнайы мектепке дейінгі бағдарламалар бойынша 27 мыңнан астам бала оқиды. Мұнымен қоса, ТжКББ жүйесінде мүмкіндігі шектеулі тұлғалар қатарынан маман дайындауды 178 колледж жүргізеді. Студенттердің аталмыш санатының контингенті шамамен 3 мың адамды құрайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге қолжетімділігін электронды оқыту жүйесі, қашықтықтан оқыту да қамтамасыз етеді.

2011 жылдан бастап мемлекеттік бағдарлама аясында үйде білім алатын балалар қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар алуда. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін жеке қозғалу құралдары, арнайы пернетақталар және манипуляторлар, естуі бұзылған балалар үшін – есту аппараттары, микрофоны бар дыбыс күшейткіш жүйесі, тифлотехникалық құралдар сатылып алынған. Оқуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ақпараттық қамту құралдары маңызды, оның ішінде принтерлер мен Брайль дисплейлері, оқу машиналары және ұлғайтушы құралдар, электронды ұлғайтқыш әйнектер, дыбысы бар экранды үлкейтудің мобильді құрылғылары және басқалар. Республикалық бюджет есебінен компьютерлік техникамен және құрал-жабдықтармен үйде оқитын 6 мыңнан астам мүгедек бала қамтылған.

Қазіргі кезде республикадағы арнайы білім беру ұйымдарының жартысы дерлік мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық дамуын ынталандыратын мультимедиялық білім беру жүйелерімен қамтылған. Арнайы мектептердің 20 пайызында интербелсенді тақталар орнатылған. Интернетке шамамен арнайы мектептердің 95 пайызы қосылған. Арнайы білім беру ұйымдарының 41 пайызы логопедиялық тренажерлармен, 37 пайызы есту-сөйлеу тренажерларымен жарақталған.

Астанада инклюзивті білім беру №65 мектеп-гимназиясында іске асырылады. Бұл – Коррекциялық педагогика ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығының тәжірибе алаңы. Мұнда 11 инклюзивті сынып (екеуі мемлекеттік тілде білім береді және 9-ы орыс тілінде білім береді) жұмыс істейді, оларда есту қабілеті, көру қабілеті бұзылған және сал ауруына шалдыққан 20 мектеп оқушысы оқиды. Оларды оқыту үшін тиісті жағдайлар жасалған: «кедергісіз орта», оқу кабинеттерінің материалдық-техникалық жабдықталуы, коррекциялық және оңалту іс-шаралары. Балаларға медициналық көмек көрсету үшін мектептің медициналық пунктінде арнайы құрал-жабдықтар (массажға арналған төсек, УФО-терапияға арналған «Солнышко» аппараты, ультрадыбыстық ингалятор және басқалар) және маусымдық дәрумендеу үшін дәрі-дәрмектер бар. Оқу кабинеттері арнайы парталармен және орындықтармен, вертикализаторлармен жабдықталған.

Инклюзивті сыныптарда оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктері есепке алынады және осы негізде кәдімгі балалармен оқытуды үйлестірудің стратегиясы әзірленген. №65 мектептің сабақ кестесі жалпы білім беру нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келеді. Инклюзивті сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаумен айналысады, оның аясында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс бөлек жоспарланады және белгілі бір оқушыларға олардың үлгерімдері

мен қабілеттеріне сәйкес кететін уақыт ескеріледі. Дамуында ауытқушылық бар балаларға кішкене көбірек уақыт бөлінеді, бұл олардың материалды қабылдау ерекшеліктеріне байланысты. Бірақ жалпы білім беру үрдісіне және басқа балалардың үлгеріміне бұл әсер етпейді.

Физикалық денсаулығының бұзылушылығы бар балалардың инклюзиясы жалпы білім беру сыныптарында бұл балаларды қосымша тьюторлық және педагогикалық сүйемелдеуді талап етеді. Мектепте оқушының қажеттілігіне байланысты екідеңгейлі сүйемелдеу моделі қолданылады. Оқушы тьютормен сүйемелденеді, оның басты мақсаты – балаға физикалық қолдау көрсету, оған орын аусытыруға, сыныпта және мектепте өзін-өзі сенімді ұстауға көмектесу. Мұнымен қоса, даму ерекшеліктері бар кейбір балаларға арнайы коррекциялық педагогика ерекшеліктерін меңгерген тьютор қажет. Мысалы есту қабілеті бұзылған оқушылар үшін мектепте сурдоаудамашының штаттық бірлігі қарастырылған.

Тірек-қимал аппараты бұзылған балалар мектепке инватаксимен жеткізіледі және қайтарылады.

Мұнымен қоса, есту қабілеті бұзылған балаларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында №65 мектеп-гимназиясында бастауыш кәсібиге дейінгі әзірлік жүргізіледі – жоғары сынып оқушылары үшін шаштараз өнері және маникюр бойынша, сондай-ақ ағаш өңдеу, сәндік-қолданбалы өнер бейіндері бойынша семинар-тренингтер және шеберлік сыныптары жүргізіледі. Сонымен қатар, мектепте ым-ишара (пантомима) театры жұмыс істейді.

Республиканың 27 жалпы білім беру мектептерінде (26 – мемлекеттік мектеп, 1 – жекеменшік мектеп) кәдімгі сыныптарда дамуы қалыпты балалармен бірге 96 дамуында бұзылушылық бар бала оқиды.

Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК) мәліметтері бойынша, елімізде мүмкіндігі шектеулі **138 513** бала тіркелген, бұл елдегі жалпы балалар санының **2,8%-ын** құрайды. Білім беру саласында, арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша **62130** (66,2%) мектеп жасына дейінгі бала білім алады. Үйде оқитындар **8387** (8,9%) бала.

Осы саладағы жұмыстың бір бағыты республика мектептерінде инклюзивті білім беру жүйесін енгізу процесінің басталуы болып табылады. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2020 жылға таман инклюзивті білім беру үшін жағдайлар жасаған мектептердің үлесін 70 пайызға ұлғайту көзделуде.

Елдегі білім беру жүйесін ізгілендіру қажеттіліктері **қосымша білім беру жүйесінде** де алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибе

ізденістерін өзектілендіре түседі.

Мектеп оқушыларының өз өздерін өмірлік және кәсіби анықтауға септетігін тигізетін шығармашылық белсенділіктерін дамыту үшін жағдайлар жасау балаларға қосымша білім беру жүйесінің маңызды қызмет бағыты болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру саласы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет, көпқырлы тұлғаны дамыту және тәрбиелеу, оның қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, шығармашылыққа талпыныстарын қанағаттандыру тұрғысында бірегей мүмкіндіктерге ие, бала тұлғасын, оның өз шығармашылық әлеуетін ашу, іске асыру мүмкіндігін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

Білім беру қызметтерінің кең түрі, іс-әрекеттің қатаң реттілігінің жоқтығы, білім беру процесі қатысушыларының гуманистік өзара іс-әрекеттері балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басты артықшылықтары болып табылады. Бұл, өз кезегінде, оқушының да, өз жұмысында педагогикалық ғылымның ең жаңа жетістіктерін қолданып көре алатын педагогтың өзінің де шығармашылық белсенділігінің көрінуіне және дамуына барынша жайлы атмосфера туғызады.

Қосымша білім беруде түрлі құралдар арқылы рухани мәдениетті қалыптастыруға, музыкалық-эстетикалық талғамды тәрбиелеуге, балалардың шығармашылық дамуын ширатуға арналған балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталықтары, үйірмелер, студиялар белгілі бір орын алады.

Өмірлік қиын жағдайларға тап болған балалармен жұмыс барысында жетекшілік пен волонтерлікті ұйымдастыру

Түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде адамгершілік мәселелері қоғамдық сананы қалыптастыру үшін шешуші маңызға ие. Моральдық-адамгершілік құндылықтардың мәні ерекше маңыз алады, өйткені олар жасөспірім тұлғасының қалыптасуында үлкен мәнге ие.

Қазіргі жағдайларда еліміздің білім беру және тәрбие беру жүйесінде оқу-тәрбие процесіне оқушылармен жұмыс істеудің түрлі инновациялық формалардың интеграциясының қажеттілігі арта түседі, ол формалар құнды дүниетанымдық көзқарастарды дамытуға және белсенді, жауапты және білікті азаматтарды қалыптастыруға бағытталған.

Оқушыларда әлеуметтік тәжірибені және адамгершілік тәрбиені, моральдық-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың барынша тиімді және мақсатты құралдарының бірі мектеп оқушыларын оқытуда

және тәрбиелеуде инновациялық тәрбие амал-тәсілі ретінде тәлімгерлік және волонтерлық болып табылады.

Қиын өмірлік жағдайда қалған балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтенуі үшін жағдайлардың жоқтығы олардың қылмыстық ортаға тартылу, алкоголь тұтыну қаупінің жоғары деңгейін қалыптастырады, әлеуметтік емес жүріс-тұрысқа әкеп соғады.

Осыған орай білім беру ұйымдарында волонтерлық қызметтің дамуы, қиын өмірлік жағдайға тап болған балалармен және жасөспірімдермен тәлімгерлікті ұйымдастыру оларда әлеуметтік тәжірибенің, адамгершілік тәрбиенің, маральдық-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуының барынша тиімді құралы болып саналады.

Жасөспірімнің адамгершілік әлеуетін қалыптастыра отырып, жоғары адами құндылықтар туралы түсінік беріп қана қоймай, өз өмірінде осы құндылықтарды саналы ұғынуға, солармен сәйкес өмір сүруге деген талпынысын оятуға, іс-әрекетке және қадамдарға уәждемені қамтамасыз ететін рухани қажеттіліктерді қалыптастыруға көмектесу қажет.

«Тәлімгермен жарты жылда онсыз бүкіл өмір бойы үйренетінінен де көп нәрсені үйренуге болады! Және табысқа жету үшін қажетті нәрселерге үренуге болады...».

Тәлімгерлік, бапкерлік сияқты жекеше дамудың керемет мықты формасы, ол нақты нәтижелерге әкеле алады. Тәлімгерлік / бапкерлік түрлі адамдармен түрлі мақсаттарда қолданылады.

Тәлімгерлік – түсінуге, қабылдауға және көмектесуге әзір әлеуметтік белсенді адамдар қызметінің волонтерлық түрі. Тәлімгерлікті тәуекел тобы жасөспірімдерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдісі ретінде қарастыруға болады. Тәлімгерлік әдісі – адамға (жасөспірімге) тікелей және тікелей емес жеке әсер етудің тәсілі. Еріктілік басқалар туралы және қоғам мәселелері туралы алаңдайтын адамдар бар барлық жерден табылады. Тәлімгерлік ерікті (волонтерлік) қызметтің күрделі процесі және мынадай тәсіл ретінде қарастырылуы мүмкін:

- әлеуметтік қарым-қатынастар құру;
- тәжірибеде өз моральдық және діни принциптерін қолдану;
- жаңа дағдылар алу;
- достар арасынан қолдау табу;
- өзін-өзі бірдеңе жасауға қабілетті деп сезіну.

Тәлімгерлік волонтерлік (ерікті) қызмет түрі ретінде мынаған келіп саяды:

- бұл жеке адамның, қоғамның және қоршаған ортаның күрделі мәселелерін шешудің тиімді тәсілі. Нақ осы тәлімгерлердің еріктілігі

аркасында көптеген тығырықты жағдайлар өз ауыр шешімдерін тауып жатады;

- бұл тетік, оның көмегімен адамдар өз мәселелерін оларды шеше алатындарға тікелей бағыттай алады;

- бұл өз өміріне үлкен әсер етуге қол жеткізуді мақсат еткен қозғалыс. Басқаларға көмектесе отырып, тәлімгерлер - еріктілер өз қабілеттеріне деген сенімділік алады, жаңа дағдыларға үйренеді, жаңа әдеуметтік байланыстардың негізін қалайды;

- бұл өзін өзі табу және өз өміріне адамға салауатты, өнімді, толымды өмір сүруге көмектесетін құндылықтар мен әдеттерді енгізу мүмкіндігі.

Тәлімгерліктің негізгі ұстанымдары:

- жасөспірімге жекеше амал-тәсіл қолдану, ол сүю, түсіну, қабылдау, өзгемен бірге күйзелу, көмектесу формуласы бойынша іске асырылады;

- жүйелілік – жасөспірімнің әлеуметтік дезадаптациясы мәселесін жан-жақты талдаудың және анықталған мәселеге адекватты іс-шаралар жүйесін қолданудың қажеттілігі;

- оптимистік гипотеза – жасөспірімге сену, оның оң қасиеттеріне сүйену, «өзінді өзін тұлға қыл» іс-әрекетті амал-тәсілді қалыптастыру;

- жасөспірімге амал-тәсілдің объективтілігі – мектеп ұжымының және әрбір тұлғаның өмір әрекетінің көптүрлі аспектілерін білу, қасақана емес ұсыныстарды әзірлеу, тұлғаның жас ерекшеліктерін есепке алу (жеке қырларын, бейімдерін, адамгершілік ұстанымдарын);

- коммуникативтілік – жылдам әрі жедел қарым-қатынас жасауға, балаға әлеуметтік-педагогикалық және басқа да көмек құралдарын тез табу үшін барлық әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуші нысандармен (мектеп әкімшілігімен, педагогтармен, ата-аналармен, дәрігерлермен, әлеуметтік педагогтармен, психологтармен, заңгерлермен, жергілікті органлармен және басқа санаттармен) байланыстар мен үйлесімділік орнатуға қабілеттілік;

- бала және оның отбасы туралы ақпаратты жарияламау;

- барлық халықтардың мәдениеті мен абыройын құрметтеу;

- өзара көмек көрсету, серіктестік және бауырластық рухында жеке, немесе ұйымдасқан түрде ақысыз қызмет көрсету;

- тәлімгерлікті жеке жетілу, жаңа білімдер мен дағдыларды алу, қабілеттерді анықтау элементіне айналдыру, осы үшін адамдардың бастамасы мен шығармашылықтарын ынталандыру, әркімге пайдаланушы емес, жасаушы болу мүмкіндігін беру;

- жауапкершілік сезімін ынталандыру **болып табылады.**

Тәлімгердің қиын өмірлік жағдайға тап болған балалармен қызметінің ерекшеліктері

Тәлімгер – бұл көмек пен қолдауға мұқтаж, қиын өмірлік жағдайда қалған кез келген адамды сүйемелдейтін волонтер. Волонтерлер (ағылшын тілінен аударғанда Volunteer – ерікті) – бұл бірдеңені мәжбүрмен емес, өз еркімен, келісіммен жасайтын адамдар. Олар немесе формальды емес әрекет етуі, медициналық, білім беру немесе әлеуметтік қамту салаларындағы мемлекеттік те, жекеменшік те ұйымдарда тегін жұмыс істеуі, не болмаса ерікті ұйымдардың мүшелері болып табылуы мүмкін. Волонтерлық – идея үшін ерікті еңбек ету.

«Тәлімгер – бұл ең алдымен мәселелі баланы өзінің мәнімен және әдемілігімен баурап, адамгершілік құндылықтарға және таңдауларға тартатын әлеуметтік қарым-қатынастарды жетілдіре алатын, құрай алатын әлеуметтік аниматор».

Тәлімгер – қоғамның барлық институттары арасындағы байланыстарды іске асыруға, жасөспірімге кеңесімен және ісімен көмектесуге, оның өмірлік құрылымының (тұрмыстық, еңбек) мәселелерін шешуге септесуге қабілетті қадірменді және беделді адам.

Ерікті қызметті ұйымдастыру кезінде жаңадан қосылған еріктілерде қазіргі қоғамдағы еріктіліктің ролі мен орны туралы түсінік қалыптастыруға жеткілікті уақыт бөлу, волонтерлықтың идеологиясын анықтау керек. Мұндай жұмысты «ерікті (волонтер) тәлімгер» ұғымының өзін анықтаудан бастауға болады.

Ерікті (немесе волонтер) – бұл жүрек қалауымен тегін әлеуметтік маңызды қызметпен айналысатын және қоғам үшін өзінің мәнін түсінетін альтруист.

Ерікті – өзінің бос уақытында басқалар үшін пайдалы іс істейтін, бұдан өзіне ешқандай пайда таппайтын адам.

Ерікті – ерікті үшін қандай да бір кәсіби дағдылары жоқ, белгілі бір ақпаратты беруге қабілетті, қазіргі әлемге табысты бейімделу үшін қажет әлеуметтік өмірлік дағдыларға ие, өзінің тәжірибесімен бөлісуге және мұқтаж жандарға көмек көрсетуге қабілетті адам.

Ерікті – орнына ештеңені талап етпей, «беруге» қабілетті адам.

Ерікті негізде (немесе жұмыс істей, университетте оқи жүріп) балалармен және тәуекел тобындағы жасөспірімдермен жұмыс істейтін тәлімгерлер сөзсіз уәждеделген. Олардың уәждемелері қандай? Өйткені олар айтарлықтай қиын, ақы төленбейтін, күш салуды қажет ететін, көп сағатты, эмоциялы және физикалық ауыр рөлді атқарады ғой.

Тәлімгер жұмысының мақсаты қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсету болып табылады.

Қиын өмірлік жағдайда қалған балалар, – оларда белгілі бір жағдаяттар әсерінен пайда болған өмірлік мәселелерді өздігінен шеше алмайтын балалар.

Алайда әрбір бала өз өмірінің түрлі кезеңінде, сондай-ақ ол өзіне қатысты емес себептермен тап болуы мүмкін әлеуметтік жағдайларға байланысты қиын өмірлік жағдайда қалуы мүмкін, және тиісінше түрлі деңгейде көмекке және қорғанышқа мұқтаж болады. Осыған орай балалардың қиын өмірлік жағдайлары төмендегіше классификацияланады:

- ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар;
- аз қамтылған отбасыларда тұратын балалар;
- қарулы және ұлтаралық қақтығыстардан зардап шеккен балалар;
- босқындар және мүжбүрлі қоныс аударушылар отбасыларының балалары;
- тосын жағдайларда қалған балалар;
- экологиялық және техногендік апаттардан зардап шеккен балалар;
- табиғи апаттардан зардап шеккен балалар;
- мүгедек балалар;
- психикалық және (немесе) физикалық дамуында кемшіліктері бар балалар;
- мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалар;
- қалыптасқан жағдаяттар салдарынан өмірлік қабілеттері объективті бұзылған балалар;
- зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар;
- тәрбие колонияларында бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан балалар;
- арнайы оқу-тәрбие ұйымдарындағы балалар.

Ұсынылған классификация толыққанды емес екенін атап өткен орынды – аралас типтерді бөліп алуға немесе бөленген топтарды барынша жеке дифференциялауға болады.

Тәлімгердің міндеттері:

- жасөспіріммен және басқа мамандармен байланыс орнату;
- тәуекел тобындағы жасөспірімді қоғамда бейімделу үшін қажет әлеуметтік және тәжірибелік дағдыларға оқыту;
- жасөспірім тұрмысы туралы қамқорлық;
- әлеуметтік байланыстарды бақылау;
- жақын ортаны қыптастыру;
- білім алуға көмектесу;
- дүниетанымды дамыту;
- құқықтық қолдау;
- бос уақытты ұйымдастыруға көмектесу;

- тәрбиелік әсер етудің күштік шараларының сақталуын бақылау (көшеде болу уақытын шектеу, оқуға міндеттеу);
- жасөспірімге азаматтық, тұлғалық, кәсіби анықталуға көмектесу;
- мектептегі, жұмыстағы даулы жағдайларда көмектесу.

Тәлімгер бола алады:

- туыстар және көршілер;
- еңбек ұжымдарының өкілдері;
- педагогтар;
- ардагерлер;
- студенттер;
- жергілікті органдардың басшылары және лауазымды тұлғалары (медициналық қызметкерлер, мамандар және т.б.).

Тәлімгерлер жасөспірімді мыналарға үйретуі мүмкін:

- мәселені көруге және түсінуге;
- оны қабылдауға;
- оны шешуге;
- немесе оны өздігінен шешуге қауқарсыздығын түсінуге және сонда көмек сұрауға.

Тәлімгерлер ұраны: «Мен БІЛЕТІНДІ біз БІРГЕ ашамыз».

Тәлімгердің міндеті: «Жасөспірімді тура «жүруге» үйрету және осы ретте оған «туннель түбіндегі жарықты» көрсету. Басқаша айтқанда жасөспірім табысты әлеуметтік-психологиялық бейімделу және интеграциялану үшін әлеуметтік өмірлік дағдыларды игеруі тиіс. Қиын өмірлік жағдайға тап болған жасөспірімде маңызды адамнан көмек сұрау мүмкіндігі болуы тиіс, ондай адамдар көп жағдайда құрдас немесе құрдастардың референтті тобы болып табылады, ата-аналар мен мұғалімдер осы сындарлы кезеңде тәуекел тобындағы жасөспірім үшін беделді тұлға болып табылмайды. Ал егер құрдас – девиант немесе құрдастардың референтті тобы әлеуметтік емес болса ше? «Әлеуметтік аниматор» қажет, ол – тәлімгер. Жасөспірім үшін «маңызды» ересек болуға қабілетті, амал-тәсілді табуға, оның мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын ашуға қабілетті тәлімгер әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсете алады. Жасөспірім мен тәлімгердің өзара қарым-қатынасындағы міндетті шарт сенім болып табылады. Сенімді қарым-қатынастар негізінде ынтымақтастық қдамдарына сүйене отырып «жолды бірге жүріп өтуге» болады.

Ынтымақтастық қадамдары

1. Тәлімгер жасөспірімге өзінің өмірлік жағдайының жеке әсерін түсіндіреді: оған өз өмірінде не ұнайды, не ұнамайды, нені өзгерткісі келеді.

